

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 145 (9463)

1954 жылғы

23 июль

Жұма

Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ЖЕМШӨП ДАЙЫНДАУДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚТАР ДЕРЕУ ЖО-
ПЫЛСЫН: М. Серагин. — Кешіргісіз кемшіліктер. Б. Жақы-
пов. — Шөп сүрлеу жұмысы қолға алынбай отыр. М. Мат-
виенко. — Мал азығы көп дайындалады. Қ. Қонасов. — Бір-
жарым жылдық жемшөп қорын жасау үшін (1-бет).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: В. Долганов. — Жаңа совхоздарда
бұқаралық-саяси жұмыс мазмұнды болсын. (2-бет).

Теміржолшылар Күні қарсаңында (2-бет).

Қ. Батпеннов. — «Молот» артелінде (2-бет).

А. Қазтаев. — Бір цехтың табысы (2-бет).

Л. Шепетов. — Малға күмбез төрізді қоралар салу (2-бет).
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ҮНІСТАСТЫРЫЛА
ЖҮРГІЗІЛСІН: З. Қаскеев. — Жаңа астықты қабылдауға әзір-
лік И. Таранко. — 1000 гектар егін жыйнаймыз (3-бет).

Франтишек Блиновский. — Халықтық Польшаның он жыл-
дығы (3-4-беттер).

В. Сүлейменов. — Жұмысшы жастар қамын ойламаған
жерде (3-бет).

Бүкілқазақстандық жетінші спартакиада (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Тың жерлер жырту жоспары июльде орындалуға тиіс

СОКП Орталық Комитетінің февраль-
март Пленумы қабылдаған тың және тың-
айған жерлер игерудің орасан зор про-
граммасын колхозшылар, МТС пен совхоз
қызметкерлері, еліміздің барлық еңбекші-
тері қызу қолдап, қарсы алды. Партия
мен үкіметтің шақыруымен тың және
тыңайған жерлерді игеруге еліміздің бас-
қа аудандарынан 140 мыңнан аса адам
барды. Колхоздар мен совхоздар тың жа-
ңа тыңайған жерлерде егіс жоспарын асы-
ра орындады. Тапсырма бойынша 2,3
миллион гектардың орнына іс жүзінде
3,6 миллион гектар дәнді дақылдар егілді.

Көктемде тың және тыңайған жерлер-
де 124 жаңа совхоз құрылды. Жаңа жер-
лерді игеретін МТС-тер мен совхоздарға
мемлекет (15 аттың күшімен есептегенде)
50 мың трактор және көптеген басқа
машиналар жеткізді. Сибирь мен Қазақ-
станның облыстарынан алынған хабарлар
тың жерлерде егіннің бітік өскенін көр-
сетеді.

Мұнымен бірге алдағы жылдың егісіне
жер әзірлеу жұмысы өйсетілуде. Бүкіл
елді тұтас алғанда 10 июльге дейін кол-
хоздар мен совхоздар 10 миллион гектар
дәрілік тың және тыңайған жерлер жырт-
ты.

Қазақстанда, Сибирьде, Оралда жаңа
жерлер жырту жөніндегі жылдық тапсыр-
маны кәзірдің өзінде орындаған аудандар
мен облыстар бар. Чкалов облысы алдағы
жылғы егіске тың және тыңайған жер
жырту жоспарын 126 процент, Тюмень
облысы — 110 процент, Қорған облысы —
108 процент орындады. Павлодар мен
Өмек облыстары да жаңа жер жыртуда
едеуір табыстарға жетті.

Бірақ, тың және тыңайған жерлер
жырту жоспарын толық және асыра
орындаудың қолайлы мүмкіндіктері мүлде
жеткіліксіз пайдаланылуда. Осының сал-
дарынан бірқатар аудандарда тың жер-
лерді жыртуда ешбір ақтауға болмайтын
тозгісіз артта қалушылық орын алып
отыр.

Июнь және июль айларының тың көге,
рудің ең жақсы мерзімі екендігін көп
жылғы практика айқын дәлелден берді.
Ал, бұдан көш жартылған пардан өнім
з алынбай. Жергілікті партия совет

нің айтуы керек. РСФСР Ауыл шаруашы-
лығы министрлігі, жергілікті партия және
совет ұйымдары тарапынан басшылық-
тың босаңсытуы салдарынан Сибирьдің
бірқатар басқа аудандарында да жаңа
жерлер жырту ісінде үлкен артта
қалушылыққа жол берілді. 10 июль-
ге дейін Краснояр өлкесі тап-
сырманы 68 процент, Кемерово облысы —
50 процент ғана орындады. Краснояр өл-
кесінің тың жерлерге дәнді дақылдар егу
жөніндегі мемлекеттік тапсырманы оры-
ндамағанын да айта кету керек. Мұның өзі
Краснояр өлкесінің партия комитетінің
тың және тыңайған жерлерді игеруге ой-
дағыдай көңіл бөлмей отырғанын көрсет-
теді.

Қазақстанда жоспарды 67 процент
орындаған Көкшетау облысы, 71 про-
цент орындаған Ақмола облысы мықтап
артта қалуда. Өткен көктемде Қостанай
облысының колхоздары, МТС-тері мен
совхоздары тың жерлерді игеру жөнінде
көп жұмыс істеді. Бірақ кәзіргі уақытта
мұнда да елеулі артта қалушылыққа
жол беріліп отыр, мұның өзі облыс бас-
шыларының сергек қыймылдау сезімін
тудыруға тиіс.

Кейбір басшылар пар жыртудың кеше-
уілдетілуін пар жыртатын жердің шөп-
бін шабу қажеттігімен түсіндірді. Бірақ
мұндай түсіндіру ешқандай сынға сый-
майды. Жердің шөбін әлде қашан шауыл,
пар жыртуға болатын еді.

Тың жерлерді игеруде совхоздардың рө-
лі өте зор. Солай бола тұрса да, совхоз-
дарда пар жыртудың қарқыны тіпті кол-
хоздардағыдан да төмен болып отыр. Мұ-
ның өзі жұмыстың барысына күнбе-күн
бақылау қоймаған ССРО Совхоздар ми-
нистрлігі мен РСФСР Совхоздар министр-
лігіне айтылатын тікелей кінә болып та-
былады. Алтай өлкесінің совхоздары тың
жырту жоспарын 10 июльге дейін неба-
ры 40 процент, Новосибирь облысының
совхоздары — 59 процент, Чкалов облы-
сының совхоздары — 54 процент ғана
орындады. Қазақ ССР совхоздары жаңа
жерлер есебінен пар жырту тапсырмасы-
ның 63 процентін ғана орындады. Жеке
совхоздар директорларының әртүрлі сыл-
таулар айтып, жыртылмаған жерді көбі-
рек қалдыруға тырысқан пыйғылы бар
егенін көрмеуге болмайды.

Жемшөп дайындаудағы олқылықтар дереу жойылсын

Мал азығы көп дайындалады

Біздің совхоздың коллективі жыл са-
йын құнарлы мал азығының берік базасын
жасау арқылы мал шаруашылығын
өркендетуде жаңа табыстарға ие болып
келеді. Өткен қыста мал басы көбейіп,
өнімділігі едеуір артты. Бұл — малды
құнарлы жемшөппен азықтандырудың же-
не оларды зоотехникалық-малдәрігерлік
ережелерге сәйкес күте білудің нәтижесі.

Соңғы жылдары совхоз коллективі
малды тек қысқы маусымда ғана емес,
жазғы уақытта да құнарлы азықпен
азықтандырып келеді. Кәзіргі уақытта
сауын сыйырларға күндіз көкшөп беріледі.
Ал, кешкі салқында жайылымдық
участоктерде бағылады. Мұның өзі олар-
дан алынатын сүт мөлшерінің едеуір ар-
туына мүмкіндік беріп отыр.

Мұны жете түсінген совхоз механизатор-
лары мен жұмысшылары бйылығы
жылы да жемшөп дайындауды ұйымшыл-
дықпен бастап, оны қызу қарқынмен
жүргізуде. Кәзіргі уақытта бізде кеңалым-
ды және өздігінен жүретін шөп машина-
ларының 10 агрегаты үздіксіз жұмыс
істейді. Кеңалымды шөп машиналарының
агрегаттары сүйретуге «КД-35», «СТЗ-
НАТИ», «СТЗ» тракторлары кеңінен пай-
даланылуда. Әсіресе, А. Гомершмит, П.
Семенов, Н. Литвинов, П. Богинин
жолдастардың басқаруындағы агрегаттар
шөп шабуға жақсы нәтижелерге ие болу-
да.

Гомершмит жолдастың басқаруындағы
агрегаттың мүшелері күн сайын 50-55
гектар жердің пішенін шабады. Бұл агре-
гатпен 15 жұмыс күні ішінде 800 гектар
жердің пішені шабылды. Осы сыяқты, трак-
тор тырнаушымен шөп жыйнайтын
Лаврентьев жолдас та ерекше көзге түсу-
де. Ол «КД-35» тракторымен күн са-
йын 200 гектарға дейін шөп жыйнайды.
Кәзіргі уақытта ол 3 мың гектарға
жуық пішен жыйнады.

Бізде шөп шабу және жыйнау жұмыс-
тарының тыңғылықты ұйымдастырылуы-
ның нәтижесінде олардың арасында ал-
шақтыққа жол берілмей келеді. Жыйна-
ған шөптер маяға салынады. Маялар

КЕШІРГІСІЗ КЕМШІЛІКТЕР

Преснов ауданындағы Баян МТС-нің
қамтуында 7 колхоз бар. Олардағы малды
жемшөп қорымен қамтамасыз ету үшін
бйылы 45897 гектар шабындықтың шөбі
шабылуы керек. Бұған МТС-те және кол-
хоздарда мүмкіншілік жеткілікті. Ама-
не, МТС пен колхоз басшылары сол мүм-
кіншіліктерді жемшөп дайындау ісіне то-
лық және өнімді пайдалануды ұйымда-
стыра алмай отыр.

МТС-те 23 өздігінен жүретін, 73 трак-
торға тіркелетін және 14 аспалы шөп
машиналары бар. Бұлардан 15 июльге де-
йін өздігінен жүретін шөп машиналардың
бөсеуі, тракторға тіркелетіндерінің оны
және аспалы машиналардың бірде-бірі
пішен жыйнауға қосылмаған. Сол сы-
яқты, шөп ысыратын, шөмелейтін, мая-
лайтын жаңа машиналардың біразы кү-
растырылмауы себепті жұмысқа қатысты-
рылмай босқа тұр. Ал, колхоздарда көлік-
ке жегілетін шөп машиналары, ат тыр-
науыштары пішен дайындауға мүлдем
пайдаланылмайды десе, бұл асыра айт-
қандық болмайды.

Колхозда пішен дайындауға қатысты-
рылып отырған кеңалымды шөп машина-
ларының, ысырмалардың, маялағыштар-
дың қуаты өнімді пайдаланылмайды. Сон-
дықтан 20 июльге дейін МТС бойынша
шөп шабудың жоспары гектар есебімен
небары 39 процент ғана орындалып отыр-
ғаны, ал, соның өзінде шөпті шабу мен
жыйнаудың арасында алшақтықтың бо-
луына жол берілуі кездейсоқ емес.

Осы МТС-тің қамтуындағы Киров аты-
ндағы колхозда шөп шабудың барысын мы-
салға алайық. Колхозда 2 өздігінен жүре-
тін шөп машина, 2 трактор агрегаты жұ-
мыс істейді. Механизаторлар машиналар-
ды техника жағынан жақсы күтеді. Бұл
машиналармен күн сайын 100 гектар
жердің шөбін шабуға болады. Дегенмен
июль айының бірінші он күні ішінде, осы
машиналармен 100 гектар шабындықтың
шөбі шабылған бірде-бір күн болған жоқ.
Мұның себебі неде? Ол, ең алдымен, жұ-
мыс уақытын толық пайдаланбауда болып
отыр. Колхоз басқармасы (председателі
Калин жолдас) пішеншілерді дала қосы-
мен қамтамасыз етпеген. Сондықтан ма-
шинашылар селоға барып қону үшін жү-

лин жолдас пішірікпестен: «пішен мая-
лағышты жұмысқа пайдалануды менгере
алмадық. Сондықтан шөпті көлмен маяла-
уды ұйымдастырып отырмыз» деп тү-
сіндіреді. Калин жолдастың шөп жыйнау-
ға, маялауға қуатты техника күшін пай-
далануға немәсетті қарауы салдарынан
шөпті шабу мен жыйнау, маялаудың ара-
сында үлкен алшақтыққа жол берілген.
Кәзір 300 гектардан астам пішен жый-
налмастан жатыр.

Пішен дайындаудың барысы «Жизнь»,
«Красный партизан» колхоздарында да
нашар. Колхоз басқармалары мен партия
ұйымдары тарапынан пішен жый-
нау ісіне колхозшылардың көпші-
лігін қатыстыру және оларды өнім-
ді еңбек етуге ынталандыру шаралары
жүзеге асырылмайды. Сондықтан шөп
дайындауда жүрген колхозшылардың
көбі еңбекті өнімсіз істейді, олар уа-
қытының көбін өзінің жеке шаруашылы-
ғының пайдасына жұмсайды. Колхоз бас-
шыларының, бригадирлердің рұқсатын-
сыз колхозшылардың жұмыстан кетіп
қалу фактілері жиі кездеседі. Осыған қа-
рамастан бұл колхоздардың басшылары,
бастауыш партия ұйымдары пішеншілер-
дің арасында еңбек тәртібін жақсарту
шараларын қолдануды елемей отырғаны
таңқаларлық жағдай.

МТС қамтуындағы колхоздарда бйылы
2250 тонна шөп сүрлеу жоспарланған.
Бұл үшін жаңадан 3750 текшеметрлік
шұңқырлар қазылуы керек. 15 июльге де-
йін шөп сүрлейтін шұңқырлар қазу бірде-
бір колхозда қолға алынған жоқ. Сондай-
ақ, шөп сүрлеуге бұрын пайдаланылып
жүрген 1055 текшеметрлік шұңқырлар
тазартылмаған.

Жемшөп дайындау — мал шаруашылы-
ғын өркендетудің, оның өнімділігін арт-
тырудың шешуші шарттарының бірі. Бұл
аса маңызды мемлекеттік істегі баяулық-
қа тезіге болмайды. Сондықтан Баян
МТС-нің басшылары (директоры Ковшов,
бас инженері Гусельников, зоотехник Ақ-
танбетов жолдастар) және колхоз басшы-
лары істегі орын алып отырған кемшілік-
терді жоюдың шараларын шұғыл жүзеге
асырулары қажет. Колхоздардың баста-
ушы партия ұйымдары

Шөп сүрлеу жұмысы қолға алынбай отыр

Булаев ауданында шөп сүрлеу жұмы-
сына әзірлік және оны ойдағыдай ұйым-
дастыру мәселесі көптен бері сөз болып
келеді. Бұл мәселе туралы аудандық пар-
тия комитеті мен Совет аткомі тасай рет
қаулы қабылдады, колхоздардың, МТС-
тердің басшыларына нұсқаулар жазды.
Бірақ, қабылданған қаулылар да, жазыл-
ған нұсқаулар да тек қағаз жүзінде қа-
лып келеді.

Кәзір табиғи шөпті сүрлеудің қолайлы
мерзімі тұды. Осыған қарамастан аудан-
дағы бірде-бір колхоз шөп сүрлеуге кі-
ріскен жоқ. Ол -олма, тіпті Булаев МТС-
нің қамтуындағы колхоздарда 35 мың
центнер шөп сүрленуге тиіс болса, мұ-
ның 17 мың 800 центнері үшін керекті
шұңқырлар әлі қазылмаған да.

Осы МТС-тің қамтуындағы Коминтерн
атындағы колхоздың председателі Буха-
ренко жолдас: «біздің колхозда 6 мың
центнер шөп сүрленуге тиіс, бұған керекті
шұңқырлар мен орлар әлде қашан
дайын болды. Шөп сүрлеуді бастамай
отырған себебіміз — МТС-тен сүрленетін
дақылдарды орау ікемделіп жабдықтал-
ған комбайндар колхозға келген жоқ»
дейді.

«Новый путь» колхозының агрономы
Табачнев жолдас та осыны айтады. Бұл
колхоздарда, шынында да, сүрлеу үшін
егілген дақылдарды шабуға болады. Бі-
рақ, оны шабуға комбайндарды жібе-
руге МТС басшылары әлі асығар емес.
Сондықтан сүрленетін дақылдарды орауға
бейімделіп, жабдықталған бес комбайн
осы күнге дейін МТС усадьбасында тұр.

Жемшөп сүрлеуге әзірліктің жайы Ба-
линин атындағы МТС-те және оның қам-
туындағы колхоздарда өте-өте нашар.
МТС сүрленетін дақылдарды шабуға 6
комбайнды қайта жабдықтауға тиіс бол-
са, одан тек бір-ақ комбайн қайта жа-
бдықталған. Карл Маркс атындағы, Стаха-
нов атындағы және «Красное знамя»
колхоздары шөп сүрлейтін шұңқырлар
мен орларды жеткілікті мөлшерде әзірле-
меген.

Колхоз басшылары сүрлеу үшін табиғи

ұйымдарының, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың басшылары мұны жақсы біледі, бірақ, жана жерлерді жұртуды тездетуге батыл шаралар қолданбай келеді.

Мысалға Алтай өлкесін алайық. Оның МТС-тері мен совхоздары 2 миллион гектардан аса пар жұртуда тиіс еді, ал 10 июльге дейін миллион гектардан сәл гана артық яғни жоспардың 54 проценті мөлшерінде гана жер жұртқан. Орасан үлкен трактор паркі бола тұрса да, Алтай МТС-тері кейбір бескүндіктерде 70 мың гектардан аспайтын пар жұртуда. Ал, шынында Алтайдың бескүндікте бірнеше жүз мың гектар пар жұртуда мүмкіндік беретін мөлшерде тракторлары бар, мұндай нәтижеге көктемгі егіс кезінде іс жүзінде қол жеткен болатын.

Ал, кәзір жұмыс қарқыны нәліктен төмендеп отыр? Мұншалық қолайсыз жағдайдың себебі неде? Мұның себебі мынада: кейбір басқа аудандардағы сыяқты, Алтай өлкесінде де көктемгі егіс ойдағыдай аяқталғаннан кейін белгілі бір жай-барақаттық туған, жеке басшыларда өзін-өзі жұбату, табыстарға төкпейілеу пыйғылы пайда болған. Мысалы, мынадай факті осыны көрсетпей ме. 200 тракторы бар Краюшкин ауданында кейбір бескүндіктерде тек жүз гектардан гана пар жұрттылады. Чарыш, Залесовск, Смоленск аудандарында көктемгі егіс аяқталғаннан кейін көптеген тракторшылар ұзақ уақытқа үйлеріне жіберілген.

Жайбарақаттық пыйғылдарға тыйым салынуға тиіс. Біздің партиямыз өз кадрларын жайбарақаттықпен өзін-өзі жұбатуды ықпал ерқашан да сақтандырып келеді. Әресе, еліміз үшін өмірлік зор маңызы бар тың және тыңайған жер жұрту жоспарын орындау сыяқты істе мұндай кеселдерге төзуге болмайды.

Мұнда Алтай өлкесі жалғыс емес еке-

Тың және тыңайған жерлер жұрту жоспарын орындау — мемлекеттік маңызы зор іс. Әрбір колхоз бен совхоз әрбір машина-трактор станциясы тың және тыңайған жерлер жұрту жөніндегі тапсырманың июльде орындалуына шаралар қолдануға міндетті. Демек, уақыт аз қалды. Белгіленген тапсырмаларды орындау шығу үшін зор күш-жігер жұмсауға тура келеді. Істің табысты болуы тракторларды дұрыс пайдалануға, тракторшылардың жанкыярлық жұмыс істеуіне тікелей байланысты.

МТС-тер мен совхоздардағы, трактор және трактор эегіс бригадаларындағы істің жайын анықтау, осы қауырт күндерде әрбір трактордың толық қуатымен жұмыс істейтін болуын, МТС-терді, совхоздарды, бригадаларды тұтас алғанда және әрбір тракторшыны жеке-жеке алғанда олардың сменалық тапсырмаларды, орындайтын болуын қамтамасыз ету — партия ұйымдарының борышы. Тек осындай жағдайда гана, жемшөп дайындауды бәсеңдетпей, қайта күшейте отырып, тың және тыңайған жерлер жұрту жоспарының орындалуын қамтамасыз етуге болады.

Тың және тыңайған жерлерде мыңдаған адамдар жұмыс істеуде. Олардың мөл өнімді еңбек етуіне барлық жағдайды жасау қажет. МТС және совхоз басшыларынан, партия және совет ұйымдарынан егіс даласында жұмыс істейтіндердің бәріне көңіл бөліп, оларды қамқорлыққа бөлеу, тракторшылардың және трактор бригадаларының басқа жұмысшыларының социалистік жарысын кеңінен өрістету, озат механизаторлардың тәжірибесін барынша таратып отыру талап етіледі.

Тың және тыңайған жерлер жұрту жоспарын ойдағыдай орындау елімізде ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыру үшін күресу ісіне қосылған ірі үлес болады.

(«Правданың» 20 июльдегі басмақаласы).

ЕҢБЕККҮНГЕ ШӨП БЕРУДЕ

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Киров ауданындағы Киров атындағы ауылшаруашылық артелінде алғашқы 5 мың центнер шөп маяға салынды. Табиғи шөптерді сүрлеу жүргізілуде. Шмұрығиннің және Любихтың мал азығын дайындайтын бригадалары қажырлы еңбек етуде. Колхозшылардың барлығы нормаларын орындайды. Олардың шөп шабуындағы еңбек өнімділігінің жоғары болуы—еңбекті және еңбек ақы төлеуді дұрыс ұйымдастырудың нәтижесі. Колхоз басқармасы колхозшылардың мал азығын дайындауда талқан еңбеккүндеріне маяланған шөптің 10 проценті есебінен шөп беруде. Июльдің бі-

рінші он күндігінде мал азығын дайындаушы бригадалардың әрбір мүшесіне 2,5-3 центнерден шөп бөлінді.

Шемонаихы ауданындағы «Аврора» колхозында да шөп шабушыларға еңбеккүнге шөп берілуде. Мұнда мал азығын дайындауға қатысушы әрбір колхозшы кәзірдің өзінде 3 центнерге дейін шөп алды. Алдыңғы қатарлы шөп маялаушылар Григорий Поротиков және Александр Литавр шөпті басқалардан көп алды.

Шығыс Қазақстанның алдыңғы қатарлы ондаған колхоздары колхозшылардың мал азығын дайындауда талқан еңбеккүндеріне шөп беруде.

Жергілікті өнеркәсіп бұйымдарының көрмесі

КӨБШЕТАУ. ҚазТАГ). Мұнда облыс кәсіпшілік кооперациясының кәсіпорындары өндіретін өнімдердің көрмесі өткізілді.

Кәсіпшілік кооперациясының кәсіпорындары өнімнің түр-түрін көбейтті және

не товарды көптеп шығара бастады. Кәзір құрылыс материалдары, аяқкиім, тігуді, киім, төсек-орын өткен жылғыдан екі есе артық дайындалуда. Механизаторлар үшін жұмыс киімін, су тасу үшін кеспек өндіру игерілді.

Мал азығын дайындау күресіне мал мамандары күнбе-күн басшылық жасап келеді. Олар пішеншілер бригадасына жиі-жиі болып, мал азығын сапалы дайындаудың жолдарын пішеншілерге айтып отырады. Осының нәтижесінде пішеншілердің еңбек өнімділігі арта түседі.

Совхоз пішеншілері СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын еңбек өрлеуі үстінде қарсы алған-ды. Олар бұл қаулыны орындай отырып, кәзірдің өзінде 7 мың гектар жердің пішенін шапты. Шөп сүрлеуге барлық жағынан тыңғылықты әзірленіп, оған ұйымшылдықпен кірісе бастады. Олар мал азығын дайындау, шөп сүрлеу жоспарын толық орындап шығып, қаулыға нақтылы істерімен жауап береді.

А. МАТВИЕНКО,

Торангүл совхозының аға зоотехнигі.

Қажырлы еңбек

Совет ауданындағы «Арал-ағаш» ауылшаруашылық артелінің мүшелері қоғамдық малға жемшөп дайындау қарқынын күн санап арттырды. Пішен дайындауда әсересе, Жанғазин жолдас басқарған №1 бригада алда келеді. Бұл бригаданың коллективі кәзірдің өзінде жүздеген гектар жердің шөбін шауып, 700 гектар алаңның шөбін маялады.

Жемшөп дайындауда көптеген колхозшылар мен механизаторлар қажырлы еңбек етіп, елеулі табыстарға ие болуда. Механизаторлар Арықбаев, Галиев жолдастар шөп шабуға өздерінің күнделік тапсырмаларын үнемі 120-125 проценттен орындап жүр. Сол сыяқты, бригада мүшелері шабылған шөпті жыйнау, маялаумен бірге, мал фермаларының қасына шөп тасуды да ойдағыдай жүргізіп келеді. Кәзірдің өзінде 1000 центнерден астам шөп тасылып үйілді.

Г. БАЛТАБАЕВ.

мыңғы ерде аяқтанды. Ал, таңертең жұмыс сағат 10-11 кезінде басталады. Түскі үзіліске уақыт көп жұмсалады. Сөйтіп, шөп машиналарымен күніне небары 6-7 сағат қана жұмыс істеледі.

Бастауыш партия ұйымының секретары Сыйбанов жолдас пішеншілердің арасында өте сирек болады. Олардың өзара социалистік жарысын басқарып, еңбек өнімділігін арттыру үшін үгіт-бұқаралық жұмысын өрістетіп жүргізу ісімен партия ұйымы нашар шұғылданады. Көрсеткіш тақталары жоқ. Пішеншілердің көбі күндік тапсырмаларын қалай орындап жүреріні күнбе-күн біліп отырмайды.

Колхоз басшылары пішен шабуға қосқан көлікке жегілетін екі машинаны мүлдем тоқтатып қойған. МТС-тен берілген шөп маялағыш пайдаланылмай босқа тұр. Бұл жайлы колхоз председателі Да-

дауды қатаң бақылауға алуға міндетті. Жемшөп дайындауда істейтін колхозшылардың, МТС механизаторларының өзара социалистік жарысын кеңінен өрістетіп отырып, оларды жұмыс уақытын, машина қуатын өнімді пайдалануға ынталандырып отыру керек.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы шөпті ең жақсы мерзімде шабуды қамтамасыз етіп, пішен жыйнау жұмыстарын дәнді дақылды оқу басталайына дейін аяқтау міндетін қойды. Егер Баян МТС-нің басшылары мен оның қамтуындағы колхоздардың басшылары пішен дайындауға қолда бар техника күшін толық және өнімді пайдалануды ұйымдастыра білсе, онда Пленум қойған міндетті сөзсіз орындауға болады.

М. СЕРАЛИН.

Бір жарым жылдық жемшөп қорын жасау үшін

Киров атындағы колхоздың (Приемші ауданы) қоғамдық мал шаруашылығы жылдан-жылға өркендеуде. Фермаларда қоғамдық мал басы өткен жылғыдан былай өдәуір көбейді. Мал саны көбейіп, оның өнімінің артуы—жемшөп қорының жеткілікті дайындалуына тікелей байланысты екенін жете түсінген колхозшы шаруалар жыл сайын мал азығының берік қорын жасап келеді. Өткен жылы жемшөп дайындау жоспары артығымен орындалды. Осының нәтижесінде қысқы маусымнан мал қонды шықты. Мұнымен бірге артық шөпті көршілес колхоздарға сатып, одан 30 мың сомдай табыс алды.

Колхоз мүшелері өткен жылы қол жеткен табысты баянды ете отырып, быыл мал азығының бір жарым жылдық қорын жасау жолында қажырлы еңбек етуде. Колхоз пішеншілері МТС механизаторларымен жұмысты тығыз ынтымақтастау, өзара социалистік жарысты кеңінен өрістету арқылы жоғары көрсеткіштерге ие болуда.

Пішен дайындау жұмысында бір өздігінен жүретін және тракторға тіркелетін екі ісөнәлімды шөп машиналарының агрегаттары жұмыс істеу жүр. Бұл машиналардың машинистері күн сайын 25-40 гектардан шөп шабады.

Шабылған шөпті жыйнау, маялау жұмысы да ұйымшылдықпен жүргізілуде. Бұл жұмысқа арнаулы адамдар тағайындалып қажетті құрал-саймандармен қамтамасыз етілген. Сонымен бірге, колхозда мал фермаларына дайындалған мал азығын тасу жұмысы да ойдағыдай жүргізілуде. Бұған 8 арба бөлінген. Бұл жұмыстағы колхозшылар өздерінің күнделік жұмыс тапсырмаларын үнемі артығымен орындайды.

Колхозшылар СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын зор қуанышпен қарсы алып, оған жауап ретінде быылғы қысқы жемшөп дайындау жоспарын мерзімінде артығымен орындауға міндеттенді.

Қ. ҚОЖАСОВ.

тырап шөп сүрлеу жұмысын өткізуді МТС күшімен гана жүргізуге сеніп отыр. Аудан МТС-тері сүрленетін дақылдарды, табиғи шөпті тұрайтын машиналарды жұмысқа толық әзірлеуді кешеуілдетіп келеді.

Колхоздарда жемшөп сүрлеуге өзірліктің нашарлығы және уақыт жетсе де шөп сүрлеуге колхоздардың кіріспей отырғаны, аудандық партия комитеті мен Совет аткоміне мәлім. Бірақ, аудандық партия комитетінің секретарьлары Буэлов, Имақов жолдастар, Совет аткомінің председателі Қизатов жолдас жемшөп сүрлеуді дереу ұйымдастыруды МТС, колхоз басшыларынан қатаң талап етпей отыр.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы әрбір колхозда сыйыр басына кемінде 5-6 тонна шөп сүрлеу қажет деп атап көрсетті. Бұл міндетті сөзсіз орындауға Бұдаев ауданының колхоздарында мүмкіншілік ұшан-теңіз. Аудан, МТС және колхоз басшылары сол мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, жемшөп сүрлеуді деркесінде, жоғары сапада өткізуді ұйымдастыруға міндетті.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).



Сүрлеу үшін құрақ дайындалуда

Конихов ауданындағы «Путь Ленина» колхозының жерінде суы мол көлдер көп. Көл жағасында құрақ жақсы өседі. Бұрын ол құрақтар шаруашылыққа пайдаланылмай келді.

Колхозшылар мал азығының мол қорын жасау мақсатымен быыл көк құрақтарды сүрлеу үшін шабуды ұйғарып, бұл жұмысқа 10 адамнан арнаулы бригада құрды. Бригаданың мүшелері аз уақыт ішінде 100 центнерге жуық көк құрақ шапты.

Шабылған құрақты жемшөп сүрлейтін шұңқырлар жанына тасу және оны сүрлеуге әзірлеу жұмыстары ойдағыдай жүргізіліп келеді.

Б. АСАНОВ.



Киров атындағы совхоздың өздігінен жүретін шөп машинасының машинашысы Демьян Соболевский күн сайын 60-65 гектар алаңның шөбін шабады. Шабылған шөпті жыйнап, маялауда одан Яков Кенюх та қалысатын емес. Ол күніне 2 нормаға дейін орындап жүр.

СУРЕТТЕ: 1. Демьян Соболевский шөп шауып жүр. 2. Шөп жыйнап-маялайтын агрегат жұмыс үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

П А Р Т И Я Т У Р М Ы С Ы

Жаңа совхоздарда бұқаралық-саяси жұмыс мазмұнды болсын

Совхоз жұмысшылары арасындағы партиялық-саяси және дұйымдастыру жұмыстарын мейлінше күшейту совхоз бастауыш партия ұйымдарының бүгін таңдағы ең басты міндеті болып табылады. Көзір партия (ұйымдарынан СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумы қаулысының ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өркендету және халқымыздың мәдени-тұрмысы мен әл-ауқатын жақсарту ісіндегі орасан зор маңызын, колхоз, совхоз және МТС қызметкерлерінің санасына жеткізу талап етіліп отыр.

Октябрь ауданының кейбір совхоз партия ұйымдары партия алға қойған бұл міндетті орындау жолында бірқатар жұмыстар жүргізуде. Олар июнь Пленумының қаулысы жарияланысымен - ақ совхоз жұмысшыларына Пленум қаулысын түсіндіруге бірден кірісеті.

Тимирязев атындағы совхозда үгітшілер Пленум қаулысы жөнінде құрылыс бригадаларында, механизаторлар арасында бірнеше рет әңгімелер өткізді. Совхоз партия ұйымы, оның секретары М. Суканов жолдас үгітшілермен кезекті әңгімені қалай өткізу жөнінде семинар кеңестерін өткізіп отырады. Мұндай кеңеске күні бүрын өзінше жұмыстары жүргізіледі. Семинарда Пленум қаулысы жөнінде, басқа ауылшаруашылық мәселелері жағында баяндама жасау жоғары білімі бар мамандарға, партия активтеріне жүктеледі.

Бұқаралық-саяси жұмыстың шаруашылық жұмыстармен ұштастырыла жүргізілуі өзінің игі нәтижесін бере бастады. Совхоздың барлық механизаторлары, құрылыс бригадасының мүшелері социалистік жарысқа ұштасты. Бригаданың өндірістік жыйналыстарында социалистік жарысқа үнемі қорытынды жасалып, ол естіріліп отырылады. Жарыста озып шыққан құрылысшылар мен механизаторларға ауылшаруашылық тапсырылады. Мұнымен бірге, өндірістік жыйналыстарда озаттардың жұмыс тәжірибелері де талқыланады. Озат механизаторлар мен құрылысшылардың жұмыс тәжірибелері совхоз қабырға газеті және жауынгерлік листоктар арқылы насихатталады. Совхозда «Колотушка» атты қабырға газеті шығып тұрады. Мұнда жұмыстағы кемшіліктер қатты сынға алынады. Газетте жазылған сын мақалалар тағы да өндірістік жыйналыстарда талқыланып, кездескен кемшіліктерді жоюға бағытталған нақтылы шаралар белгіленеді.

Ал, ауданның басқа совхоздарында істің жайы тиіпті бұлай емес. Бірқатар совхоздарда бұқаралық-саяси жұмыс шаруашылық жұмыстармен байланыстырылмай, жалаң жүргізіледі. Мұндай жағдай

лүі керек. Міне бастауыш партия ұйымдарынан осылар талап етілсе де, Интернационал, Дзержинский атындағы совхоздардың партия ұйымдары бұл талаптар дәрежесінде жұмыс істей алмай келеді.

Аталған совхоздарда партия жыйналыстарының өзі сирек өтеді. Коммунистерге партиялық тапсырмалар берілмейді, үгіт коллективінің жұмысына партия ұйымының басшылығы нашар.

Интернационал совхозында қабырға газеті, жауынгерлік листоктар да уағында шығарылмайды. Бұқаралық-саяси жұмыстың өз дәрежесінде болмауы шаруашылық жұмыстарына керісінше әсер етуде. Совхозда еңбек ұйымдастыру тәртібі нашар. Совхоздардағы құрылыс жұмыстарының нашар жүргізілуін, ықтырма ету жоспарының орындалмауын тек осындай себептермен ғана дәлелдеуге болады.

Интернационал, Дзержинский атындағы совхоздар ықтырма егісіне жаңа гана кірісе бастады. Мұндай төзгісіз жағдай совхоз партия ұйымдарын, оның секретарьлары Божанов, Никитенко жолдас-тарды тіпті қыңжылтар емес.

Москворецк астық совхозында саяси үгіттің жайы айтарлықтай емес. Мұнда бұқаралық-саяси жұмысты жақсарту, социалистік жарысты өрістетуге жөнінде партия жыйналыстарында талай рет жақсы қаулылар қабылданды. Совхоз партия ұйымы, оның секретары Неудахин жолдас партия жыйналысы қарарларының орындалуын ұйымдастырмады. Коммунистерге ешқандай партиялық тапсырмалар бермеді. Мұның бәрі совхозда саяси үгіт жұмысының төзгісіз нашар жүргізілуіне әкеліп соқты.

Бұл совхозда еңбек озаттарының жұмыс үлгілерін көпшілік игілігіне айналдыру айтарлықтай ұйымдастырылмай келеді. Ал, совхозда алдыңғы қатарлы еңбек озаттары көптеп саналады. Мәселен, Ткаченко жолдас басқаратын құрылыс бригадасы күндіз тапсырмасын 276 процентке дейін орындап жүр. Бригада 18 жұмыс күні ішінде төрт пәтерлі 4 үй, бір пәтерлі 1 үй салып шықты. Бригада мүшелері Кардашов, Долгих жолдас-тар күнделікті тапсырмаларын 150-180 проценттен орындайды. Пеш салушы Маркер жолдас бір пәшті салуға 20 сағат жұмсаудың орнына, оны 12 сағатта бітіреді.

Сол сыяқты, саман кірпіштерін даярлайтын Жуков жолдасының бригадасы алғашқы кезде 700-800 саман кірпіш дайындаса, қазір күн сайын 2000—2500 саман кірпіш даярлауға жетісіп жүр. Бригадада еңбекті көп тілейтін жұмыстардың бірқатары механикаландырылған. Партия ұйымын осындай тамаша өн-

рыштарда баяндамалар жасап көрген емес.

Партиялық-саяси жұмыстағы мұндай кемшіліктер партия ұйымдарының үгіт коллективтерінің құрамын тәжірибелі, білімді үгітшілермен толықтырмауына, бұқаралық-саяси жұмысты шаруашылық жұмыстармен ұштастырмай, жалаң жүргізуінен, саяси үгіттің барысына күнбе-күн басшылық жасап, оған бағыт беріп отырмауынан туып отыр.

Совхоз жұмысшыларын мәдениетті қамту ісі де дұрыс жолға қойылмай келеді. Кейбір совхоздарда тұрақты киноустановақалар болса да, осы совхоздардың бөлімшелерінде, бригадаларда мезгілінде жаңа кинофильмдер көрсетіліп тұрмайды. Ал, жұмысшылар жаңа кинофильмдерді, әсіресе, ауыл шаруашылығы алдыңғы қатарлыларының үлгілі жұмыс тәжірибелерін насихаттайтын кинофильмдерді жиі көрсетуді талап етуде.

Совхоз кітапханалары мәдени-ағарту және саяси үгіт жұмыстарының орталығы болуға тиіс еді. Бірақ, олар бұл талаптар дәрежесінде жұмыс істемей отыр. Кітапханаларда тұрақты кітап оқушылар саны аз, кітап оқушылар конференциясы өткізілмейді. Кітапханалардың жұмысшылармен, мамандармен байланысы нашар. Мұның бәрі олардың мәдени-ағарту және саяси үгіт жұмыстарының орталығына айналуына керісінше әсерін тигізуде.

Жаңа ұйымдастырылған астық совхоздарында бұқаралық-саяси жұмыстың өз дәрежесінде болмауына бастауыш партия ұйымдарымен бірге, Октябрь аудандық партия комитеті де кіналі. Аудандық комитет пен совхоз бастауыш партия ұйымдарының арасында жаңды байланыс жоқ. Аудандық партия комитетінің қызметкерлері жаңа совхоздарда тым сирек болады. Жаңа гана құралып жатқан партия ұйымдарына жұмыс үстінде нақтылы көмек көрсетпейді. Мәселен, соңғы екі айдың ішінде ауданның Москворецк, Интернационал, Дзержинский атындағы совхоздарында аудандық комитеттің бір-де-бір қызметкері болмаған.

Бұрын ел мекендемеген тың және тыңайған жерлерді игеру, жаңа ұйымдастырылған совхоздарды үлкен астық фабрикасына айналдыру, сөйтіп, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының қарарлары алға қойған — елімізде астық молшылығын жасау, жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз ету міндеттерін жүзеге асыру бұқаралық-саяси жұмысты өрістетуге тікелей байланысты. Сондықтан бастауыш партия ұйымдары үгіт коллективтерінің жұмысына күнбе-күн басшылық жасап, совхоз жұмысшылары мен қызметшілері арасында Пленум қау-

Теміржолшылар күні қарсаңында Үгітші

Петропавл темір жол торабы кәсіпорындарының барлық цехтары мен бригадаларында СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын терең қанағаттанған сезіммен қарсы алып, оны үйренуде.

Станция бастығының аға көмекшісі Дмитриев жолдасының сменасында әңгіме өткізуді үгітші Ермилов жолдас жаңа егіннің астығын қабылдау және тиіп, жөнелту туралы теміржолшылардың алдында тұрған міндеттерді толық түсіндірді.


Ауыр жүк тиелген поездар

Петропавл паровоз депосының коллективі теміржолшылар күні күрметіне еңбек вахтасына тұрып, халық шаруашылығына қажетті жүктерді тасудың мөлшерін мұнан былай да ұлғайту үшін күресуде. Паровоз депосының машинистері үстіміздегі жылы жоспардан тыс жүз мыңдаған тонна жүк тасуды ұйғарды. Паровозшылар жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындауда. Озат машинистер А. Трибунский, Александров, Колесников және басқалары негізгі жолдарда тасылатын жүктің мөлшерін 1000, 1500 тонна арттыруда.

Көзір Петропавл жол бөлімшесі бойынша сапарға шығатын поездардың үштен екі бөлігінен артығы ауыр жүк тиелген поездар болып есептеледі.

Күн сайын шығарылатын қабырға газеті

Петропавл паровоз депосында «За здоровый паровоз» атты қабырға газеті күн сайын шығарылады. Ол партия және кәсіподақ ұйымдарының газеті. Оның әрбір номерінде теміржолшыларды толқытып отырған мәселелер жазылады. Газет социалистік жарыстың барысын жазып, алған міндеттемелерін артығымен орындау үшін күресуші өндіріс озаттарын қолдап, сонымен қатар, еңбек тәртібін бұзушылар мен артта қалып қойғандарды сынап отырады. Газет бетінен өндірістің түбірлі мәселелерін көтеріп отыратын үлкен мақалаларды, озаттардың іс-тәжірибелерін коллективтің игілігіне айналдыруға бағытталған мақалаларды және жұмыстың кемшіліктерін көрсететін сын мақалаларды кездестіруге болады.



Қаладағы Горький атындағы орта мектеп жанындағы тәжірибе участкасында биология пәні бойынша өткізілетін программалық тәжірибе жұмыстары үшін жаңа теплица салынып жатыр. Теплицаның ауданы 30 шаршы метр. СУРЕТТЕ: Теплицаның сыртқы көрінісі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

„Молот“ арпелінде

Бұл күндері «Молот» кәсіпшілік арпелінің коллективі қызу еңбек үстінде. Олар осы жылдың екінші тоқсанында өндірістік жоспарды 113,9 процент орындады.

—Біз, —дейді арпелі партия ұйымының секретары С. Коныков жолдас, —осы жылдың бірінші тоқсанында «Галантерейщик» арпелімен социалистік жарысқа түсіп, 530 мың сомның өнімін берумен бірге, өнімнің өіндік құнын 5 мың сомға кемітуге және 5 мың сомның шикізаттары мен материалдарын үнемдеуге міндеттеме алған едік. Арпелі коллективі алған міндеттемесін аброймен орындап шықты. Яғнай, 532,5 мың сомның товарын шығарып, оның өзіндік құнын едәуір кемітті.

Арпелі ұсақ металл қыйқымдарынан ауыл шаруашылығына, үй тұрмысының қажеттеріне керекті шелек, деген, ұсақ қаңылтыр шатырлар, кровать және басқа заттар дайындайды.

Үкмет пен партияның халқымыздың әл-ауқатын және мәдени-тұрмыс дәрежесін жақсарту жолындағы қарарларын жүзеге асыру ісіне тиісті үлес қою үшін арпелі коллективінің мүшелері еңбек өнімділігін арттыра түсеті.

Арпелі бойынша қазір төрт өндіріс цехы жұмыс істейді. Олар қаңылтыр қыю, кровать жасау, қаңылтыр заттарын жа-

ларды игеріп жатқан патриоттардың қажетіне жөнелтілуде. Қаңылтыр қыю цехының жұмысшылары цех жыйналысында июль айының өндірістік тапсырмасын 110 процент орындап, дайындалатын өнімнен 5 процент шикізаттар мен материалдар үнемдеуге міндеттенді. М. Карпов баққарғын қаңылтыр цехы июль айында дайындалған заттардан 5 процент өнім үнемдеп, үнемделген өнімнен 2 мың сомның заттарын дайындап шығаруға міндеттеме алды. Арпелінің қаңылтыр қыю цехының қаңылтыр кесушілері В. Пулякова, П. Варанкина жолдас-тар июль айында өндірістік тапсырмаларын 380-400 проценттен орындады. Сондай-ақ, қаңылтырдан бұйымдар жасаудың шеберлері Л. Руденко айлық тапсырмасын 366 процент, М. Головин 312 процент орындап, еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде. Уста С. Зайцев та өз жолдастарынан қалысар емес. Ол ерекше күшті қарқынмен еңбек етіп, өткен июль айында тапсырмасын 435 процент, балғаны П. Карпов 300 процент орындады. Слесарь П. Егншев, тоқарь В. Хохлаев жолдас-тар да қажырлы еңбек етіп жүр.

Арпелі жұмысшылары жылдың өндіріс жоспарын Советтік Конституция күні қарсаңында орындауға міндеттеме алды. Қазір арпелінің әрбір мүшесі алған міндеттемелерін аброймен орындап шығу үшін күресуде.

А. АЛБАБАСОВ.

Москворецк совхоздарында орын алып отыр.

Ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету, сөйтіп, елімізде астық молшылығын жасау партия ұйымдарынан бұқаралық саяси жұмысты анағұрлым жақсартуды талап етеді. Қандай істің болсын тағдырын адамдар шешеді. Бұқаралық саяси жұмыс істің тағдыры шешілетін жерлерде — трактор, егіс бригадаларында жүргізі-

бек озаттарының бастамаларын дерезінде қостамауынан аталған озаттардың жұмыс үлгілері көпшілік арасына таратылмай отыр. Қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар еңбек озаттарының тәжірибелерін насихаттауға пайдаланылмайды. Аталған совхоздарда күні осы уақытқа дейін жоғары білімі бар мамандар, совхоз директорлары жұмысшылардың алдында саяси-ауылшаруашылық тақы-

рының ісінде еңбек тәртібін нығайтуға, олардың еңбек өнімділігін арттыруына жетісуге тиіс. Міне, сонда ғана, Коммунистік партия мен Совет үкіметі алға қойған міндеттерді аброймен орындап шығу ісіне келеді үлес қоса аламыз.

В. ДОЛГАНОВ,
ҚКП облыстық комитетінің
нұсқаушысы.

Пішеншілердің социалистік жарысы

СОКП Орталық Комитетінің шөп Пленумының қаулысын басшылыққа ала отырып, совхоз партия ұйымы пішеншілердің социалистік жарысын кеңінен ұйымдастыру, сөйтіп, егін жыйнау маусымы басталғанға дейін мал азығының берік базасын жасау міндетін ойдағыдай орындау мәселесіне күнбе-күн назар аударуда.

Партия ұйымы мал азығын дайындау жұмысына әзірлікті үнемі өзінің бақылауына алып, бұл жөнінде күні бүрғын бірқатар шараларды жүзеге асырды. Мәселен, май айында мал азығын дайындау жұмысына әзірліктің барысы жөнінде партия жыйналысы өтті. Онда совхоз директоры Дворецкий жолдастың есебі тыңдалды. Коммунистер әзірлік жұмысында орын тепкен кемшіліктердің бетін ашып, шөп машиналарын жөндеуді қысқа мерзімде аяқтауды талап етті. Жөндеу мастерскойның меңгерушісі Иванов және комбайншы коммунистер Шилкин, Хрущев жолдастар партия жыйналысының

қаулысын орындай отырып, шөп шабатын машиналардың сапалы жөндеуін қамтамасыз етті.

Сөйтіп, совхоз шөп шабу науқанына ұйымшылдықпен кірісті. Партия ұйымы мал азығын дайындауда 17 коммунистің және 20-дан астам комсомолдердің тікелей жұмыс істеп, авангардтық роль атқаруын ұйымдастырып, өндіріс озаттарының құмыс тәжірибелерін насихаттауда.

Сонымен қатар, партия ұйымы шөп шабу науқанының барысында кездескен кемшіліктерді кезінде жою мәселесін естен шығармайды. Алғашқы кезде №2 фермада Сотников жолдастың трактор бригадасында техника күші толық пайдаланылмады. Партия бюросы совхоз дирекциясымен бірлесіп отырып, бригадада техникалық көмек көрсетуді ұйымдастырды. Механизаторлардың жыйналысында еңбек тәртібі, техникалық күтім жасау жөнінде мәселе талқыланды. Партия тобы

тракторшылар мен басқа да пішеншілер арасындағы саяси жұмысты жақсартты. Сөйтіп, бригада еңбек өнімділігі күн санап артты. Кеңалымды шөп машиналарының машинистері Горелов, Доцков жолдастар бір сменада 1,5-2 норма орындап, еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп келеді.

Коммунистер Еньшин, Разумов жолдастар шөп маялауда тапсырмаларын 125-200 процентке дейін орындап, өздерінің қажырлы еңбектерімен басқаларға үлгі болуда. Осы сыяқты, №1 фермада да мал азығын дайындау жолындағы социалистік жарыс кеңінен ұйымдастырылып отыр.

Совхоз партия ұйымы пішеншілердің социалистік жарысын кеңінен өрістетіп отырып, егін жыйнау маусымы басталғанға дейін мал азығын толық дайындауды қамтамасыз етеді.

Г. ЧЕШКОВ,
Мамлют совхозы партия ұйымының
секретары.

Отынды көп үнемдеу үшін күрес

Отын шығынын кеміту үшін социалистік жарысқа шақырған Есілкөл теміржолшыларының үндеуін Петропавл паровоз депосының коллективі зор өрлеу үстінде қабылдады. Петропавл паровозшылары өздерінің мүмкіншіліктерін толық есепке алып, үстіміздегі жылдың үшінші, төртінші тоқсандарының ішінде отын пайдаланудың нормасын кеміту жөнінде Жол қатынас министрлігіне хат жазды.

Отын үнемдеуде паровоз депосының озат бригадалары елеулі табыстарға ие болды. Мұнда алты айдың ішінде 3,5 мың тоннаға жуық шартты отын үнемделді. Отын үнемдеу үшін күресте аға машинистер Кушнаренко, Нечигуренко және Гаврилей және басқалар бастаған паровоз бригадалары алда келеді. Бұлардың әрқайсысы үнемдеген отынның есебінен ауыр жүк тиелген составтармен 8-9 рет сапарға шығуға болады. Паровоз депосында үнемделген отынның есебінен ай сайын 60-қа жуық паровоз бригадалары жұмыс істеп жүр.

А. ВЕРНИЧЕНКО.

сау және ұста дехтары. Барлық дехтардан шыққан өнім тың және тыңайған жер-

Қ. БАТПЕНОВ.

БІР ЦЕХТЫҢ ТАБЫСЫ

Қаладағы шағын двигательдер зауытының механикалық цехы озат цех болып есептеледі. Мұнда 170 түрлі бөлшек өңделіп, жаңадан жасалып шығады.

Цех 5 участкаға бөлініп, сменамен жұмыс істейді. Онда: цехаралық, участок аралық, сондай-ақ жеке адамдар арасында социалистік жарыс өрістетілген. Бұл жарыс өндірістік жоспарды орындау, шығарылған өнімнің сапасын жақсартуға түлеу, ақауды болдырмаумен бірге, әр жұмысшының еңбек өнімділігін арттыруына қамтамасыз етеді.

Цех коллективі (бастығы С. Паровотнев жолдас) айлық өндірістік тапсырмасын 101-102 проценттен орындап жүр. Цехта жаңалық тапқыштардың пайдалы ұсыныстары өндіріске енгізіліп, ол жұмысшылардың творчестволық белсенділігінің үдеуіне себепкер болуда. Мәселен, бөлшек бұрылаушы Жировтың жаңа іс әдісі өндірісте кеңінен қолданылуда. Үстіміздегі жылдың бірінші жарты жылдығында цех металдардың кесінді қалдықтарын қайта іске асырудың, өнімнің өзіндік құнын кемітудің нәтижесінде 17 мың сомдай мемлекет қаржысын үнемдеді.

Цехтың алдыңғы қатарлы көптеген

озат жұмысшылары бар. Оның ішінде жаңалық тапқыш коммунистер: цех механигі В. Любимов, жоспарлаушы А. Ерунов, сменалық нормасын үнемі 220 процентке дейін орындайтын слесарь А. Земляновтар үлгілі еңбек етуде.

Цехтың озат жұмысшылары әр участкада Х. Мананов, үшінші участкада автоматшы коммунист А. Кучинский, төкарь И. Некрасов, металл қыздырушы Пашков тағы басқа сол сыяқтылар бар. Бұлар айлық тапсырмаларын үнемі 180-200 проценттен орындап жүр.

Цехта бір сменада бірнеше станоктармен жұмыс істейтін жұмысшылар оңдап кездеседі. Олардың ішінде фрезеровщик Е. Брачунов төрт станокті жүргізсе, тіс қашаушылар П. Кривоногов, А. Похотимский әрқайсысы 7 станокті, ал, жөндеуші Гужавин мен автоматшы А. Кучинскийдің әрқайсысы 12 станокті жүргізеді. Осы аты аталған жұмысшылардың бәрі де нормаларын 200 процентке дейін орындап жүрген таңдаулы өндіріс озаттары.

А. ҚАЗТАЕВ.

МАЛҒА КҮМБЕЗ ТӘРІЗДІ ҚАМЫС ҚОРАЛАР САЛУ

Мал қорада күтілетін уақытта оны жақсы жабдықталған қоралармен қамтамасыз етпейінше, мал санын едәуір көбейту, сонымен бірге оның өнімділігін арттыру мүмкін емес. Қазақстанның ормансыз облыстарында, әсіресе мал жайылым участоктерінде мал қораларын салу зор қиыншылықтарға кездесіп жүр. Бұл қиыншылықтардың бастысы—ағаш материалдарының жоқтығы.

Ал, оның бер жағында малдың жақсы жабдықталған, жылы және жабық қораларын еңбек пен қаржыны көп жұмсамай, жергілікті құрылыс материалдарынан салуға өбден болады. Қазақстанның оңтүстік және батыс облыстарында өте көп өсетін қамыс дәл осындай құрылыс материалы болып табылады. Егер қолхоздар мен совхоздар қамыстан өте жақсы мал қораларын салуды үйреніп, басқа жақтан әкелінетін құрылыс материалдарын жұмсауды мейлінше азайтатын болса, мұның өзі шаруашылыққа зор пайда келтіреді.

Соңғы жылдарда мал жайылымдарына тікелей жақын қалың қамыс өсетін жерлерде қолхоздар күмбез тәрізді мал қораларын салуға қамысты ойдағыдай қолдана бастады. Мысалы, Қызылорда облысындағы Қармақшы ауданының қолхоздары 1951 жылдан бері малға керекті күмбез тәрізді қораларды қамыстан салып, құрылыс материалдарының жұмсалуды мейлінше азайтып келеді. Қамыстан салынған қоралар өте жылы, малға жайлы және көпке шыдайтын берік екенін көрсетті. 450 қой сиятын бір қойқора салуға 108 текшеметр қамыс және көп дегенде 3-5 текшеметр тал-шілік қана керек.

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының Молотов атындағы колхозының председатели Құрманбаев жолдастың инициативасымен 1952 жылы артельде қамыстан күмбез тәрізді арқалықтары бар қоралар салынды. Оны жоспарлауда қойдың бір-кейлі орналастырылуы көзделіп, қосымша есіктер жасау жолымен өртке қарсы күресу ережелері сақталынды.

Малға күмбез тәрізді қамыс қоралар салу әдісі бйылығы жылы Қызылорда, Алматы облыстарының және республиканың ормансыз басқа облыстарының қолхоздарында кеңінен қолданыла бастады. Алматы облысы қолхоздарының өздері ғана алыстағы қысқа жайылымдарда малға арнал күмбез тәрізді 1.500 қамыс қоралар салуда.

Республиканың малға күмбез тәрізді қамыс қоралар салу тәжірибесіне сүйене отырып, СССР Одағы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Пирозельхоз» конторы 1952 жылы 500-600 саулыққа арналған күмбез тәрізді қамыс қоралардың стандартты жобасын жасады. Мұндай қора қойдың қатты аяз бөрі боран болған кезде тұруына арналған. Қойқора «П» әрпі тәрізді салынып, бұрыштары дөңестеу болады. Қораның іші үш секцияға бөлініп, олардың аралығында қойды ауыстырып тұратын ашық коридорлар жасалады. Қойқораның екі қақтағы секциялары арасындағы ашық алаң баз ретінде пайдаланылады. Бұл үшін баздар биіктігі 200 сантиметр қабырғамен қоршалады. Секциядан секцияға өтетін коридорлар да осындай қабырғалармен қоршалады.

Мұндай жоба бойынша қойқораның үш

секциясының пайдалы алаңы 400 метр болады. Күмбез тәрізді арқалықтар қамыс қораның қабырғалары мен төбесінің бір бөлегін жауып тұрады.

Қой өтетін коридорлар жағына қараған қабырғаларда қақпасыз саңаулар жасалады. Мұндай саңаулар қойдың өтуіне бөгет болмай, ауаның көбірек ауысуына және қораға жарық түсуіне көмектеседі.

Малды бағып күту жұмысының ыңғайлы болуы көбінесе қоралардың мал өрісі мен суатының ыңғайына қарай дұрыс орналастырылуына байланысты. Сондықтан құрылыс салынатын участка тікелей таңдап алғанда, жайылымды неғұрлым жақсы пайдалануға, қойды алысқа айдап апармайтын болуды көздеу қажет.

Күмбездің берік болуы үшін және конструкцияның төзімділігін арттыру үшін күмбездің орталық жеріне жуандығы 14-16 сантиметр бөренеден тұрақты тіректерге келденен арқалық орнату керек, ал ішкі қабырғаның әрбір 10-12 метр жерінен кең саңаулар жасау керек.

Қамыс күмбезді ішкі жағынан да, сыртынан да сабан араласқан сазбалшықпен міндетті түрде сылау керек. Мұның өзін күмбездің өткізгіштігін арттырып, оның арқалықтарының беріктігін күшейтеді, сонымен қатар жауын-шашын өткізбейді. Қораны күрғақ уақытта, пайдалануға берілетін кезге дейін оның күмбезі жақсы кеуіп болатындай етіп сылау керек. Қойқораға сыртынан су кіруіне жол бермеу үшін қабырғаның іргесін сыртынан сазбалшықпен жауып, нығыздап таптау керек.

Құрылысқа керекті қамысты қыста

дайындаған жақсы болады. Шөм жасауға жас қамысты пайдалануға болмайды: ол тез шіриді де, түрлі кеміргіш тышқандарға қорек болады. Қамыс шомдарын жақсы жасау өте маңызды. Қора күмбезінің берік болуы да негізінен қамыс шомдарының сапасына байланысты.

Шөм жасаудың мынадай әдісі ұсынылады. Тегіс жерге биіктігі 35-40 сантиметр қазықтарды ара-арасын 70 сантиметр етіп екі қатар қағу керек. Қамыс сортталып, жапырақтары тазартылғаннан кейін дестеленіп салынады, оның түйіскен бұрыштары шөмнің ұзындығымен бірдей болуға тиіс: Буылған шөмнің диаметрі 26-28 сантиметрден кем болмауға тиіс, шөм әрбір 30-35 сантиметр жерінен сыммен бұзылады. Шөмнің берік, тығыз болуына, сымның үзілмейтін болуына ерекше назар аудару керек. Күмбез тәрізді қамыс қораның әрбір метріне орта есеппен 4 шөм керек. Күмбез конструкциясының неғұрлым берік болуы үшін шөмнің ортасына, жергілікті жерден табылған күнде, тал-шілік төсеу керек. Қораның биіктігін арттыру үшін, мүмкін болған жерде, жобаға сәйкес—терендігі 50-70 сантиметр (топырақтың дымқылдығына қарай) және ені 4-5 метр егілігі траншея қазылады. Егер жер астының суы жер бетіне жақын болса, онда траншея қазылмайды. Траншеяның екі жағынан шомдардың іргесін жабу үшін терендігі 50 сантиметр және ені 28-30 сантиметр мөлшерінде шағын жанама арықтар қазу керек.

Жеткілікті мөлшерде жасалған шомдар бір-бірімен қиыластырылып монтаждалған арқалықтардың үстіне жабылады. Шомдардың түштері іргеле қазылған жанама траншеяларға түсіріліп, сазбалшықпен жабылып, тапталады. Әрбір келесі шөм

ұзындығы 80-90 сантиметр қазықтарды ара-арасын 70-90 сантиметр етіп, шахмат тәртібімен қағу арқылы мұның алдында төселген шөмге тақалып қойылады. Шөмдардың төселуіне қарай монтаждалған арқалықтарды тіректерімен бірге келесі участкаға жылжитып отыру керек. Күмбездің дөңестеу болуын қамтамасыз ету үшін екі айырылатын тіректер жасаған жөн.

Қойқора жарықты күмбездің үстіңгі жағында жасалған терезеден алады. Ал қораның ішкі ауасы сыртқа тартатын каналдар және терезенің ашылып-жабылатын форточкалары арқылы тазартылып тұрады.

Қойқораның едені біржелкі тегістелген табиғи топырақ болады. Топырақ жұмсақ болған күнде, қалыңдығы 20 сантиметр сазбалшық төселіп, нығыздалып, тапталады. Қамыстан салынған күмбез тәрізді қоралар сабан кіріштен қаланып, төбесі ағашпен жабылған көлемі осындай қоралардан үш есе арзанға түседі. Оның үстіне, қамыстан күмбез тәрізді қоралар салғанда қымбатқа түсетін құрылыс материалдары үнемделеді. Мысалы, 700-800 қойға сабан кіріштен қора салғанда, оған 70 текшеметр ағаш және 230 килограмм шөме керек, ал осындай қораны қамыстан салғанда, оған 5-6 текшеметр ағаш пен 10 килограмм шөме ғана керек.

Мал үшін күмбез тәрізді қамыс қоралар салу әдістерін жетілдіре отырып, Алматы облысының қолхоздары қамыстан шомандар тұратын үйлер де сала бастады. Алматы селолық ауданының Калинин атындағы колхозында осындай үй өте шапшаң түрде салынды. Қазір Іле ауданының көптеген қолхоздары да осындай құрылыстар салуда.

Машина-трактор станциялары да қамыстан үйлер салу ісін қолға алды. Мысалы, Қызылорда облысының Сұлутөбе МТС-інде қамыс шомдардан көлемі 35 шаршыметр және емегадағы құны 6,5 мың сомдық үй салынған.

Мемлекет бйылғы жылы республиканың МТС-терін мен ММПС-терінде тұрғын үйлер салуға 100 миллион сомнан аса қаржы беріп отыр, бұл қаржы 110 мың шаршыметр тұрғын үйлер салып, іске қосуды қамтамасыз етуге тиіс. Бірақ, ауыл шаруашылығы мамандарының МТС-тер мен ММПС-терге келуіне және тың жерлерде қызметкерлердің көбейіне байланысты, тұрғын үйлердің мұндай көлемі бұл жөніндегі тілекті тіпті де қамтамасыз етпейді. Сондықтан ауыл шаруашылығының қызметкерлері, әсіресе қолхоздардың жайылым участоктерінде және тың жерлерде тұрғын үйлер салған кезде қамысты бағып пайдалануға тиіс.

Жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп барынша көп мөлшерде шомдар жасауды қамтамасыз етуге тиіс, сөйтіп, қолхоздар, МТС-тер мен ММПС-тер қамыс шомдардан тұрғын үйлер мен мал қораларын салу жұмыстарын жедел қарқынмен жүргізетін болуы керек.

Машина-трактор және машина-малшаруашылық станциялары қамыстан тұрғын үйлер, күмбез тәрізді мал қораларын салу жұмыстарын басқаруға міндетті. Құрылыс салудың осы арзанға түсетін және біршама шапшаң орындатытын әдісін қолхоздар мен МТС-терде барынша толық пайдалану керек.

Л. ЩЕПЕТОВ,
Құрылысшы инженер.

Ауылшаруашылық жұмыстары ұштастырыла жүргізілсін

Облысымызда ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы

(20 июльдегі мәлімет)

Жоспардың орындалу проценти

МТС аттары	Тың жер жырту	Шөп шабу	Дайындалған піппен	Комбайн жөндеу
Чистян	101,8	44,1	9,2	38,0
Суворов	110,2	56,0	13,7	72,5
Кояюхов ауданы	105,8	50,2	11,5	57,0
Булаев	94,3	65,3	18,5	76,9
Калинин	114,2	63,7	20,3	51,2
Булаев ауданы	102,7	56,0	36,0	53,6
Образцовой	87,4	67,6	25,7	60,0
Куйбышев	84,8	69,3	35,3	63,4
Ильич	95,7	56,0	36,0	43,6
Пушкин	101,3	93,9	29,7	65,1
Ленин ауданы	90,1	68,5	31,4	59,4
Интернационал	77,5	60,2	19,3	65,5
Чапаев	130,9	50,3	20,3	60,0
Вильямс	56,6	41,2	14,2	63,9
Мамлют ауданы	85,6	49,3	18,0	62,9
Коновалов	77,4	44,2	29,5	37,9
Торанғұл	106,3	47,0	30,1	60,0
Ворошилов	94,7	59,0	33,3	66,6
Семиполка	81,1	36,8	26,0	55,3
Октябрь ауданы	86,5	46,3	29,6	53,6
Петропавл	98,0	49,5	17,1	44,7
Асанов	134,5	47,2	14,3	65,5
Петропавл ауданы	106,9	48,4	15,9	53,7
Полудень	131,7	38,0	12,2	63,8
Ново-Георгиев	118,5	35,0	9,5	41,7
Полудень ауданы	126,1	36,3	11,2	57,7
Преснов	96,0	46,5	29,5	52,3
Баян	77,7	39,0	27,1	78,6
Майбалық	63,3	37,6	21,9	37,7
Николаев	98,1	42,6	19,0	55,5
Преснов ауданы	81,5	41,6	25,2	55,5
Приешім	84,1	46,7	19,8	33,3
Ленин	126,1	52,8	21,5	53,0
Тимирязев	103,1	56,0	17,8	45,8
Приешім ауданы	111,0	50,7	20,1	43,0
Соколов	132,2	34,5	11,6	62,7
Надобин	141,7	40,1	16,2	62,2
Соколов ауданы	136,2	36,9	13,5	65,5
Совет	98,1	54,3	24,3	55,3
Сартомар	88,0	55,4	25,8	41,4
Шағлы	96,0	45,4	14,4	40,0
Совет ауданы	94,8	50,7	20,2	46,0
Бұрынғы совхоздар бойынша	98,8	70,3	24,3	60,1
Жаңа совхоздар бойынша	52,1	11,2	1,9	—

Жаңа астық қабылдауға әзірлік

Енді көп ұзамай облысымыздың колхоздары мен совхоздарынан астық тиелген автомашиналар элеваторлар мен астық қабылдайтын пункттерге күні-түні бірдей қатынайды. Түс-тустан ағылып келіп жатқан автомашиналардың астығын тез қабылдап, бөгетсіз жөнелтіп отыру—элеваторлар және астық пункттері коллективтерінің абройы мәңгі болып табы-

80 тонна астықты көптіріп, тазартуға мүмкіндік береді. Мұнымен бірге, жаңадан астық қоймасын толығынан механикаландыру жұмысы аяқталуға жуық.

Элеватордың жоғары бөлмелеріне астық тоқтаусыз күні-түні бірдей лента арқылы ысырапсыз баратын болады. Ондағы барлық транспортерлер мен жылжымалы механизмдер боялып, сапалы жөн-

1000 гектар егін жыйнаймыз

Мен Октябрь ауданындағы «Щит» колхозында бірнеше жылдан бері комбайнмен егін жыйнап келемін. Өткен жылы біздің агрегат «Сталинец-6» комбайнмен 30 жұмыс күні ішінде осы колхозда 840 гектар жердің егінін жыйнап, 7890 центнер астық бастырды. Бұл жұмыстарда 800 килограмм жанар майы үнемделді. Бұл менің комбайншы болып жұмыс істеген жылдар ішіндегі маусымдық көрсеткіштерімнің ең жоғарысы болды. Бірақ, бұл кездейсоқ табыс емес, комбайн қуатын өнімді пайдалану жөніндегі көп жылдар бойы жыйнақталған тәжірибемнің игі нәтижесі.

Үетіміздегі жылы тың және тыңайған жерлер есебінен колхозда дәнді дақылдар егісі мың гектардан астам ұлғайтылды. Сөйтіп, барлық дәнді дақылдар егісі 5 мың гектардан асты. Көзір егін бітік өсіп, жетіліп келеді. Дәнді дақылдар егісінің өсіп, жетілуіндегі кәзіргі беталысы оның әрбір гектарынан кемінде 14—15 центнерден өнім жыйнауға болатынын көрсетіп отыр.

Егінді ысырапсыз жыйнап алуға жетісу біздің комбайншылардың машина қуатын өнімді пайдалану қабілеттілігіне үлкен сын. Мен бұл сынан мүдірмей өту мақсатымен комбайнды егін оруға сапалы әзірлеуге ерекше назар аудардым. Бұл күндері комбайн толық жөнделіп болды. Жөнделген комбайндарды қабылдайтын арнаулы комиссия біздің агрегаттың комбайншының жөнделу сапасын жақсы деген бағамен қабылдады.

МТС және колхоз басшылары агрегатты қамтуға маман механизаторларды, еңбексүйгіш колхозшыларды бөлді. Колхоз басқармасы біздің комбайннан астық алуға төрт тонналық жүк автомашинасын бекітті. Жақында мен өзім жыйнайтын егін участоктерімен таныстым. Егіннің салыну және өсіп, жетілу жағдайларын еске ала отырып агрегаттың маршруты белгіленді. Егіннің арам шөптен тазартылуы, жерінің біркелкі тегістігі комбайнды жоғары жылдамдықпен жүргізуге болатындығын аңғартады.

Біз, өзіміздің егін жыйнауға әзірлігімізді егіннің өсіп, жетілуін, жұмыс жағдайын, агрегаттағы адамдардың іскерлік қабілетін толық есептей отырып, быйғы 1000 гектар жердің егінін жыйнауға және кемінде 14 мың центнер астық бастыруға, бұл жұмыстардың есебінен кемінде 1000 килограмм жанар май үнемдеуге міндеттеме алдық. Комбайн қуатын өнімді пайдалануды, оның тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді, жұмыс уақытын үнемдеуді біз алғашқы күннен бастап дұрыс ұйымдастыра отырып, бұл міндеттемізді аброймен орындайтын боламыз.

Жұмысшы жастардың қамын ойламаған жерде

Біздің елімізде жұмысшы жастардың әл-ауқатын жақсарту, олардың мәдени тілектерін үнемі өтеу үшін көп көңіл бөлініп отырылады. Олар үшін жыл сайын жаңадан жатақханалар, мәдениет үйлері салынып, стадиондар, спорт алаңдары ашылады. Қаламыздың өзінде соңғы жылдары ондаған жатақхана үйлері салынып, пайдалануға берілді.

Жұмысшылар жатақханасы — жатар орын ғана емес, жұмысшы жастардың мәдениетті түрде тынығатын, тәрбие алатын орны. Жатақханаларда жұмысшы жастардың күнделікті тұрмыс қажеттерін өтсемен бірге, олар үшін саяси-әлеуметтік тақырыптарға баяндама, лекциялар оқылып, ойын-сауық кештері ұйымдастырылып отырылуға тиіс. Жатақхананың ішкі ережесін жұмысшылардың булақтанып орындауы, қоғамдық мүлікке социалистік көзбен қарауы үшін күрес жатақхананың тәрбие қызметкерлерінің басты міндеті.

Алайда, қаладағы кейбір жатақханалардағы жағдай жоғары талаптарға сай болмай отыр. Мысалға Петропавл паровоз депосының жатақханасын алайық.

Жатақханада жүздеген паровоз машинистері, олардың көмекшілері, қочегарлар тұрады. Ал, оны жас жұмысшылар үшін жатақхана үйлерінде қандай жағдай туғызылған?

Жатақхана бөлмелерінде тұратындардың саны санитарлық ереженің талабына сай емес, тығыз орналасқан. Жуырда депо қарамағында жұмыс істеу үшін темір жол училищесін бітірген 40 жұмысшы келді. Мұнда олар тұратын орын әзірленбеген. Жатақхана бөлмелерінің іші лас, ауасы тар. Жатақхана жұмысшылары әрбір он күн сайын моншаға түсіп, төсек-орындарын санитарлық байқаудан өткізіп отыруға тиісті болса да, бұл талапты мұнда тұрушылардың түгел орындап отыруын жатақхана басшылары қарағалап отырмайды.

Біз жатақхананың № 3 корпусында мынадай көрініске кездестік. Әрбір бөлмедегі кроватьтардың жартысынан астамы төсек-орынсыз бос тұр. Мұның себебі не деген сұрағымызға жатақхана меңгерушісі Ф. Жадан «кезекті моншаға бармағандарға біз төсек орын бермейміз» деп

жауап берді. Ал, олар 8 күн бойы жатақхананың жанында немесе темір қроватының үстіне жатуға мәжбүр болған. Сөйтіп, жатақхана басшылары тазаны үшін күрестің осындай өрескел түрін ең бір қолайлы әдіс деп ойлайтын болса керек. Өзінен өзі белгілі, мұндай әдіс ешқандай жақсы нәтиже бермек емес. Жатақхананың кір жуатын орны да іске жарамсыз қалыпқа түскен. Бірақ, оны жөндеу әлі қолға да алынған жоқ.

Жұмысшылардың тамақ әзірлейтін бөлмелерінде керекті жабдықтар жетіспейді. Ал, асхананың тамақ ішеудің залы тар, 10-15 адамнан артық сыймайды. буфеттің асортименті де өте кедей.

Быйыл жатақхананың екі үйі күрделі жөндеуден, бір үйі жай жөндеуден өтуге тиісті еді. Ол үшін керекті қаражат (108 мың сом) апрель айында босатылған. Алайда, бұл қолда бар қаражат осы күнге дейін пайдалануысыз қалып отыр. Дено басшыларының немқұрайды қаруының салдарынан жөндеуге керекті құрылыс материалдары дайындалып алынбаған. Олар тек Омек темір жол басқармасына завкалар жазумен ғана тынған. Жатақханаларды жөндеуге керекті құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету депо бастығының орынбасары Сироенко жолдастың тікедей міндеті бола тұрса да, ол өз бойын бұдан аулақ ұстап жүр.

Жатақхананы жылыту үшін керекті отын дайындау жұмысы да нашар. Керекті 400 тонна көмірдің небары төрттен біріндегі ғана тасылып алынған.

Жатақханада тұратын жұмысшы жастар арасында саяси-бұқаралық, тәрбие жұмыстарының жайы да маз емес. Жатақханада шығарылатын «Гудок», «Паровозник», «За культуру» қабырға газеттерінің соңғы номерлері бірінші майда шыққан. Қабырға газетінің тұрақты редакциясы ұйымдастырылмаған. Жатақхана жанындағы қызыл мүйіз газет, журналдардың көптеген даналарын алдырады. Музыка аспаптарымен, шахматпен, дойбымен қамтамасыз етілген. Бірақ, тар бөлмеге орналасқан ол жұмысшылардың мәдени талабын қанағаттандыра алмай отыр.

Толық мүмкіншілік бола тұрса да, мұнда көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істе-

мейді. Жыл бойы жастарды қызықтырар не бір әдеби, не басқа тақырыпта арналған кеш өткізілмеген. Жұмысшылардың ұйымдасқан түрде кинотеатрға рухы ұйымдастырылмады. Жатақхана ауласында спорт алаңы жабдықталмаған. Ал, шындығында жастардың көпшілігі спортпен шұғылдануға құмар-ақ.

Жастар арасында халықаралық жағдайға, елімізде күнбе-күн болып жатқан тамаша жетістіктерге саяси тақырыптағы арналған лекциялар, баяндамалар сирек оқылады. Жұмысшы жастар арасында саяси-бұқаралық жұмысын жүргізуге тиісті тәрбиеші Н. Колычев жолдастың өзі жастар алдында жыл бойы бірден бір баяндама жасамаған.

Жатақханада тұратындардың көпшілігі фабрика-завод мектептерін, темір жол училищесін жаңа ғана бітіріп, өндіріс жаңа орналасқан жастар. Оларды саяси сауатты, мәдениетті жоғары совет азамат етіп тәрбиелеу ісінде сүйікті Отанымыздың мызғымас беріктігі, совет халқының өзара берік достығы, еңбектің озат әдістері туралы баяндамалар жасалып, әңгімеленіп, өткізу елеулі орын алады. Амаз не, бұл мұнда ұмыт қалған. Берек десе, соңғы айларда жүргізілетін қоғамдық-саяси жұмыстардың жоспары да жасалып отыр. Саяси тәрбие жұмысының нашар жүргізілуінің салдарынан жастардың арасында қоғамдық жатақхана ережесін, бұзынылар кездеседі. Мысалы, жұмысшы комсомолец Пасанков үнемі жатақханадан мас болып келіп, жанжалдар шығарған. Дено комсомол комитеті (секретары Мамсимов жолдас) оны тәрбиелеп, дұрыс жолға салудың орнына, дәрменсіздік білдірген. Жатақхана басшылары Пасанковты кабинетке шақырып алып, бір-екі рет ұрысумен тәрбие жұмысы бітті деп есептеп, «ол енді түзелмейді» деген себебінен оны жатақханадан шығарып жіберген. Мұндай фактілер мұнда аз емес.

Жатақханадағы бұл жағдай депо бастығы Нолыков, депо партия бюросының секретары Исаков жолдастары белгілі бола тұрса да, оларды жою үшін ешқандай шара қолданбай отыр. Бұл кемшіліктерді тез арада жою— олардың көзек күттірмейтін міндеттері.

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ.

Колхозшылардың мәдени тілегін қанағаттандырмай келеді

Ленин ауданындағы Калинин атындағы ауылшаруашылық артелі ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайып, колхозшылардың әл-ауқаты жылдан-жылға жақсарып келеді. Колхоз шаруашылық жұмыстары орындау саласында да аудан бойынша алдыңғы қатарлылардың бірінен саналады. Қоғамдық малға жемшөп әзірлеу, егін орағына дайындық жұмыстары да мұнда ойдағыдай жүргізілуде.

Дегенмен, колхоз басшылары тек қана шаруашылық жұмыстарға баса назар аудару сыяқты сынаржақтылық басқару әдісіне салынып, колхозшылардың мәдени

мөнша жоқ. Ал, дәрігерлердің колхозда болуының өзі өте сирек.

Калинин атындағы колхоздың № 1 және 2 бригадаларындағы сауда орындары да колхозшылардың тілегіне сай жұмыс істей алмай келеді. № 1 бригаданың дүкен үйі ебден тозып, дүкенге түскен товарларды онда сақтауға болмайтындықтан түскен товарлар дүкеншінің үйінде сатылатын болды. Ал, № 2 бригаданың дүкен үйі де әрі қаранғы, әрі тар. Мұндағы товарлар мен бұйымдар жүйе-жүйесіне дәстерлен жыйналмай, орын тар болғандықтан дүкеннің әр бұйымына

Оқу үйінің жұмысы нашар

Октябрь ауданының Жадтыр ауылдық Советі жанындағы оқу үйінің кітап қоры жыл сайын жаңа кітаптармен толықтырылып келеді. Соңғы кезде оқу үйі 200-ден астам көркем әдебиет және саяси кітаптар, радиоқабылдағыш сатып алды. Мұның үстіне оқу үйі орталық, республикалық, облыстық газеттер және көптеген журналдар жаздырып алдырады. Оқу үйінің колхозшылардың мәдениетті түрде дем алатын сүйікті орны болуына толық мүмкіншілігі бар.

Алайда, оқу үйі, оның меңгерушісі Р. Садуақасов жолдас кәзіргі талаптар дәрежесінде жұмыс істей алмай отыр. Мұнда кітап қоры нашар.

Мұны жете түсінген Петропавл элеваторының коллективі үстеміздегі жыл өткізіліп жаңа өнімін қабылдауға әзірлікті ерте бастап қолға алған болатын. Кәсірдің өзінде астық қоймаларының күрделі жөндеу жұмыстары түгелінен бітті. Қоймалардың іші-сырты қайтадан жөнделіп, едендерін асфальттау жұмысы аяқталды. Астық қоймаларының едендерін асфальттау жұмысы әресе Быйыл кең өріс алды.

Элеватордың техникалық базасын күрделі және жабайы жөндеуге мемлекет тарапынан оңдаған мың сом қаржы бөлінді. Оны қалай да орындау пайдалану мақсатында бірқатар жұмыстар істелді. Қоймаларда 18 көшпелі және 3 стационар транспортерлары, 3 жүк автомашина тарапысы өздігінен астық беретін 5 механизм түрлінен сапалы жөндеді.

Элеватордың жана астықты қабылдауға әзірлігі быйыл жылдағыдан едәуір жақсартылды. Мәселен, тың және тыңайған жерлерден өнімді астықты қабылдау үшін жаңадан арнаулы алаң жасалып жатыр. Қомбайнан түскен астық осы алаңға төгіледі. Алаңның едені асфальтталады. Онда астық көптігінен тас транспортер орнатылады. Мұның өзі сағатына

ше жеделткіштер қойылды. Сондай-ақ элеватордың лаборатория үйі жақсы жөнделіп, қажетті құрал-саймандармен, аспаптармен қамтамасыз етілген.

Бұл жетістіктермен бірге элеватордың жаңа астықты қабылдауға әзірлігінде көмшіліктер де жоқ емес. Быйыл облысымыздың колхоздары мен совхоздарында астық тасыру өткен жылға қарағанда екі есеге артады. Юсыған байланысты элеваторда астық қабылдау да едәуір ұлғайтылады. Алдымен жаңадан астық қоймаларын салу керек еді. Бірақ, бұл істі элеватор басшылары, тіпті облыстық астық дайындау мекемесі бойластырмаған. Мұнда бірде-бір астық қоймасы салынған емес.

Егін жыйнау маусымына санауды ғана күн қалды. Бұл маусымның алғашқы күндерінен бастап элеваторға колхоздар мен совхоздардан жаңа астықты тиіген автомашиналар келе бастайды. Оларды беретін қабылдау—элеватор коллективінің айбынды міндеті. Сондықтан элеватор басшылары дайындық ісіндегі орын алған көмшіліктерді дереу жойып, жаңа астықты қабылдауға тыңғылықты әзірленуге тиіс.

3. ҚАСКЕЕВ.

Ворошилов атындағы МТС-тің комбайншысы.

ДОСТЫҚ КӨМЕК

Быйыл Совет ауданындағы Молотов атындағы колхоздың колхозшылары және осы колхозды қамтайтын Совет МТС-нің механизаторлары СОКП Орталық Комитеті сентябрь, февраль- март Пленумдарының қаулыларын орындай отырып, егіншіліктің мәдениетін арттыру жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды.

Олар көктемде 700 гектар тың көтеріп, егін көлемін өткен жылдан 1000 гектарға жуық ұлғайтты. Колхозшы шаруалар кәзіргі уақытта бітік өскен егінді ырапыр жыйнап алуға барлық жағынан тыңғылықты әзірленуде. Колхозшыларға Петропавл қалалық байланыс мекемесінің жұмысшылары да достық көмек көрсетуде. Олар колхозда екі астық қырман салуды өздерінің міндеттеріне алған-ды. Бұл күндері байланысшылар колхозда астық қырманын салу жұмысын қызу жүргізуде. Кәзірдің өзінде бір астық қырманы салынып болады.

Т. СУЛТАНОВ.

Бұл колхозда клуб, оқу үйі жоқ. Колхозшылардың демалыс кешін ұйымдастыру, олардың газет, кітап оқуы, кинокартиналар көруіне де мүмкіндік туғызылмай келеді.

Өткен жылдарда колхоз орталығынан едәуір қаржы шығарып, жел дүірмен салған болатын. Дүірменнің кейбір бөлшектерінің жеткіліксіздігінен ол 3 жыл бойы жұмыс істемей босқа тұр.

Бұл колхозда санитарлық- тазалық жұмыстарына да ешбір назар аударылмайды. Мәселен, колхоз орталығында қоғамдық

Қол шалғышылар

Ленин атындағы колхозда (Соколов ауданы) шөп машинасымен шабуға болмайтын шабындық участоктердің шөпін шабуға 35 колхозшыдан қол шалғышылар тобы ұйымдастырылған. Қол шалғышылар өзара социалистік жарысқа түсіп, күн сайын әрқайсысы 0,5 гектар жердің шөпін шабуға міндеттеме алған.

Қол шалғышылар алған міндеттемелерін аброймен орындап келеді. Олар кәзір 100 гектардан астам шабындықтың пі-

летін жастар да аз емес. Бұл жастар өткен жылда колхоз басшыларынан спорт қоғамын құруды және керекті спорт мүліктерін сатып алуды өтінген еді. Бірақ, колхоз жастарының бұл орынды тілегтері де басшылардан қолдау таппай босқа қалды.

Колхоз мәдениетінің өсуіне көңіл бөлмей колхозшылардың мәдени тілегін орындай алмай отырған колхоз председтегі Қадырбаев пен колхоздың бастауын партия ұйымының секретары Жақатовқа аудан басшылары не дер екен?

С. САУЫТБАЕВ.

шөпін шапты. Бұл учасоктердің әрбір гектарынан 14-15 центнерден пішен жыйналуға.

Колхозда қол шалғымен шабуға болатын жерлердің көлемі үлкен. Оның пішенін толық жыйнап алуға қамтамасыз ету үшін колхоз басқармасы қол шалғышылардың санын 150-ге дейін жеткізуді ұйғарып отыр.

С. СӨРСЕНОВ.

өткізілген жоқ. Оқу үйінің ауыл интеллигенциясымен байланысы жоқтың қасы. Бұл көмшіліктер оқу үйінің меңгерушісі Р. Садуақасов жолдасты ойландыра бермес.

М. МҮСИН.

БАҒАЛЫ БАСТАМА ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Қаладағы Ленин атындағы № 1 орта мектептің біртөп оқушы-комсомолдерінің облысымыздың барлық оқушы комсомолдеріне үндеуін Николаевка (Преснов ауданы) орта мектебіндегі оқушылары қызу қолдады. Олар қоғамдық мақта жемиш даярлауға көмектесу үшін Ленин ауданының Калинин атындағы колхозына көмектас келді.

Оқушы-комсомолдер алғашқы күннен бастап-ақ социалистік жарысты өрістетіп, күндіз тасырмаларын асыра орындауға жетісті. Мәселен, тіркемелі кеңалымды шөп машиналарының машинистері Мәженов, Ғаббасов жолдастар күндіз нормаларын 110-120 процентпен орындап, кәзірдің өзінде 125 еңбексүй талпы. Б. АҚТАНОВ.

ХАЛЫҚТЫҚ ПОЛЬШАНЫҢ 10 ЖЫЛДЫҒЫ

1954 жылғы 22 июльде Польшаның еңбекшілері Польшаның мың жылғы тарихындағы аса зор оқиғаны —өз елінде халықтық өкмет орнатудың он жылдығын салтанатпен атап өтеді. Таптық қайшылықтар жегейді жеген буржуазиялық- помещиктік Польшаның дәуірі өтін, жаңа заман —поляк халқының социалистік ұлт болып қайта құрылған заманы басталды.

Польшаның жұмысшы табы шаруалар бұқарасымен одақтаса отырып, жаңа құрылыс жағдайында өз жолын бастаған кезде, оның ескіден қалған экономикалық және мәдени мұрасы мардымсыз болған еді. Өнеркәсіпті өркендету дәрежесі жағынан Польша Европаның көптеген елдерінен 40—50 жыл артта қалып қойды. Ауыл шаруашылығының жағдайы да бүдін жақсы болған жоқ. Буржуазиялық статистика мәліметтері бойынша, 1929 жылы (шаруашылық жағдайы жақсы болған жылы) Польшада ұлттық табыс әрбір адамға шаққанда Франциядағыдан үш есе, Италиядағыдан екі есе дерлік кем болды. Елдің экономикалық жағынан артта қалуы дүниежүзілік екінші соғыстан туган қайыршылықтың салдарынан анағұрлым күшейе түсті. Гитлершіл тобырдың қыратын-бүлдірген зардаптары, толық емес мәліметтер бойынша, соғысқа дейінгі злотыймен алғанда 100 миллиард злотыйдан аса зиян келтірді. Мұның өзі Польшаның соғыстан бұрынғы жылдық ұлттық табысының сомасынан бес есе асып түсті. Егер поляк халқының капиталистік өндірістік қатынастар тәртібіне қайта түсуіне тура келген болса, онда ол ондаған жылдар бойы аса ауыр қайыршылықта өмір сүруге мәжбүр болар еді деп толық сеніммен айтуға болады. Дүниежүзілік бірінші соғыстың қыратып-

★
ФРАНТИШЕК БЛИНОВСКИЙ
Польшаның Біріккен Жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің мүшесі
★

бүлдірген зардаптары бірнеше есе аз болды, бірақ соның өзінде қалпына келтіру дәуірі ол кезде сегіз жылға созылды. Ал, тұрасын айтқанда, ол кезде поляк шаруашылығына түскен ауыр жарақат дүниежүзілік бірінші және екінші соғыстар аралығындағы дәуірде бүкіл поляк экономикасы ұшыраған тұралаушылық салдарынан тіпті де жазылмаған болатын.

Кәзір еліміз жұмысшылар мен шаруалар өкметінің тұсында, ұлы Совет елімен және халықтық демократия елдерімен бірік достыққа сүйене отырып, мүлде басқа жолмен өркендей бастады. Өкмет биікті еңбекшілерге көшкеннен кейін 10 жыл өткенде, Польшаның біріккен жұмысшы партиясы Орталық комитетінің бірінші секретары Болеслав Берут жолдас айтқандай, Польша «әлсіз және экономикалық жағынан артта қалған ел болудан арылды». Бүгін ол —қоғамдық, экономикалық және мәдени тұрмыстың барлық учасоктерінде алып адымен алға басып келе жатқан ел, қала мен деревняда социализм негіздерін орнатуды ойдағыдай жүзеге асырып жатқан ел.

Польшаның жұмысшы табы бастаған еңбекшілері, совет халықтарының тәжірибесін, өнегесін және көмегін пайдалана отырып, марксизм-ленинизмнің жеңімпаз теориясын басшылыққа ала отырып, соғыста қырып- бүлінген өз отанын жедел өрге бастырды, оның экономикалық қуатын тіпті поляк капиталистерінің қыял етуге батылы да бармаған дәрежеге жеткізді. Сонымен бірге халықтың тұр-

мыс дәрежесі де артып, еңбекшілер бұқарасының мәдениеті бұрын болмаған жедел қарқынмен өсті.

Халықтық Польшада оның өмір сүруінің он жылы ішінде болған әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің негізгі бейнесі және, шынында, ең жақсы өлшеуіші —жұмысшы табы қатарының жедел өсіп отырғандығы болып табылады. 1937 жылы Польшада халықтың саны 34 миллион болғанда, жұмысшылардың және ауыл шаруашылығынан тыс жұмыс істейтін ой еңбегі қызметкерлерінің жалпы саны небәрі 2.730 мыңдай ғана болды. Бұлардың ішінде фабрика- завод пролетариаты 790 мыңдай адам болды. Кәзіргі уақытта халықтың жалпы саны 26,5 миллион болып отырғанда, жұмысшылардың және ауыл шаруашылығынан тыс жұмыс істейтін ой еңбегі қызметкерлерінің саны 6 миллионға жуық болып отыр. Бұлардың ішінде ірі және орта дәрежелі өнеркәсіп орындарында жұмыс істейтін 1.950 мыңға жуық жұмысшылар бар. Соғысқа дейін елдің халқының 65 проценті болған село халқы кәзіргі уақытта 45 процентке толық жетпейді. Мұның мәнісі —Польша индустриялы елге айналды деген сөз.

Халықтың таптық құрылысындағы өзгерістер елді социалистік жолмен индустрияландырудың нәтижесі болып табылады, ал, индустрияландыру ісін халықтық өкмет дәйектілікпен жүзеге асырып келеді. Индустрияландыру ісінің арқасында Польшаның өнеркәсіп өндірісі 1953 жылы соғысқа дейінгі 1938 жылдың дәрежесінен 3,6 есе асып түсті. Әрбір адамға шаққанда, елдегі халықтың соғысқа дейінгіден аз екенін еске алғанда, мұның өзі өндірістің 4,8 есе артқанын көрсетеді. Өнеркәсіп өндірісінің кәзіргі уақытта көл жеткен мөлшері Польшаның өнеркәсіп

өнімдерінің көлемі жағынан Европада (Свет Одағынан, Англиядан, Батыс Германиядан және Франциядан кейін) бесінші орынға жеткізіп отыр.

Халықтық Польшада өнеркәсіп өндірісі өнеркәсіпте социалистік өндірістік қатынастарды үнемі өркендетіп, нығайту негізі де өрге басып келеді. 1953 жылдың өзінде елдің өнеркәсіп өндірісінің 99 проценттен астамы қоғамдастырылған сектордың үлесіне тиді. Мұның мәнісі — онжылдық ішінде халықтық Польшаның өнеркәсібі толығымен дерлік социалистік өнеркәсіпке айналды, ал капиталистік өндірістік қатынастар бұл саладан біржолата ығыстырылды деген сөз.

Халықтық Польшаның өнеркәсібін өркендету қарқыны мен оның негізгі бағытын мынадай мәліметтер айқын сыйпаттайды. Соғысқа дейінгі 1938 жылғы өндіріс көлемімен салыстырғанда, 1953 жылы болат қорыту 250 процент, тас көмір шығару—233 процент, электр қуатын өндіру —342 процент, цемент өндіру —192 процент, металл өңдейтін станоктар жасау —1.200 процент, мақта маталарын тоқу —173 процент, жүн маталар тоқу—296 процент, қант жасау —218 процент болды. Сонымен, Польшаның өнеркәсібін өркендетуде ең алдымен ауыр индустрияның басымдық өркендеп отырғаны айқын көрінеді, өйткені ол елдің экономикасының басты іргетасы, экономиканың барлық салаларын өркендетудің негізі болып табылады.

Халық шаруашылығының барлық салаларын өндіріс құралдарымен жабықтап отырған машина жасау өнеркәсібі ерекше күшті қарқынмен өркендеп келеді. Кәзіргі уақытта машина жасау өнеркәсібі өнімді соғысқа дейінгіден жеті еседен де артық өндіреді. Буржуазиялық —помещиктік Польшада мүлде болмаған өнеркәсіптің ең жаңа салалары: ауыр станоктар

жасау, кеме жасау өнеркәсібі, трактор және автомобиль өнеркәсібі, ауыр электр машиналары жасау өнеркәсібі құрылды. Химия өнеркәсібі де анағұрлым зор көлемде өркендеп, өнімді соғысқа дейінгіден 4,3 есе дерлік артық беруде.

Бұл табыстардың басым бөлегіне Польшаны Совет Одағымен байланыстырып отырған жаңа тұрпаттағы экономикалық қатынастар арқасында, совет халқының орасан зор техникалық және экономикалық көмегі арқасында қол жетті. Мұндай қатынастар мен көмек болмаған күнде, халықтық Польшаның елді индустрияландыру ісіндегі табыстары бұдан анағұрлым аз болған болар еді.

Социалистік индустрияландыру Польшаның экономикалық географиясын мейқан өзгертті. Елдің жеке облыстарын өркендетуде болып келген алшақтық едәуір жойылды, ал капиталистік дәуірдегі Польшада буржуазияның экономистер елді өнеркәсібі өркендеген — А Польша дейтінге және экономикасы мүлде салақсытылған —В Польша дейтінге бөліп келген болатын. Бұрын өнеркәсібі болмаған территорияда кәзір жаңа өнеркәсіп аудандары, Жешовско —Сандомир және Люблин сыяқты аудандар құрылды. Кеңеск воеводствосындағы Старопольск ауданы және Белосток ауданы едәуір ұлғайтылды. Куявск ауданында өнеркәсіп құрылысы өрістетілуде. Краков және Ченстохов аудандары түбірімен қайта құрылып, жедел өркендеп келеді, бұл аудандарда алтыжылдық жоспардың ең ірі құрылысы: Краковтегі В. И. Ленин атындағы металлургия комбинаты және Ченстоховтағы Болеслав Берут атындағы металлургия комбинаты салынуға.

Халықтық Польшаның жеңіл индустриясындағы табыстары ауыр өнеркәсіппеннен салыстырғанда едәуір кем, бірақ мұнда да алға басқандық бар: 1950 жылдан 1953 жылға дейін жеңіл өнеркәсіп

өнімдерін өндіру 99 процент артты. Кәзіргі уақытта, Польшаның біріккен жұмысшы партиясы II съезінің қарарларына сәйкес, жеңіл өнеркәсіп те анағұрлым жоғары қарқынмен өркендетілетін болады. Мұның өзі ауыр индустрияны өркендетуде қол жеткен табыстардың арқасында мүмкін болып отыр.

Жеңіл өнеркәсіптің баяу өркендеуінің ең елеулі себептерінің бірі оны шикізатпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етпеуде болып отыр, ал бұл шикізатты оған едәуір дәрежеде отандық ауыл шаруашылығы беріп тұруға тиіс. Міне, сондықтан алтыжылдық жоспардың соңғы екі жылына белгіленген жеңіл өнеркәсіпті өркендету қарқынын шапшаңдату шарасын халықтық Польшаның экономикасындағы негізгі алшақтықты жоюмен өте тығыз байланысты. Бұл алшақтық өнеркәсіп өндірісін өркендету қарқынымен салыстырғанда, ауыл шаруашылығын өркендету қарқынының жеткіліксіздігінен болып отыр.

Халықтық Польшаның ауыл шаруашылығы едәуір табыстарға жетті. Ол соғыстан болған жарақатты тез жазды. Оның жалпы өнімінің құны, тұрақты бағамен есептегенде, 1946 жылдан 1953 жылға дейін екі еседен аса артты. Әрбір адамға шаққанда, ауылшаруашылық өндірісінің көлемі соғысқа дейінгіден 30 процент артып отыр.

Капиталистік- помещиктік Польшаның ауыл шаруашылығының дәрежесінен едәуір асып түсетін нәтижелердің мүмкін болған себебі ең алдымен сол, поляк деревнясы капиталистер мен помещиктердің езюшілігінен азат етілді. Помещиктер табын жоюмен қатар жері аз шаруалар мен орташалардың барлық берешектері жойылды. Сонымен қатар оларға 6 миллион гектар жер берілді.

В. М. Молотов пен А. Иденнің кездесуі

ЖЕНЕВА, 20 июль. (СОТА). Бүгін совет делегациясының үйінде Женева кеңесінің екі председателі В. М. Молотов пен А. Иден кездесті, кездесу кезінде кездесуінің мәселелері талқыланды.

М. МОЛОТОВТЫҢ, ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙДЫҢ ЖӘНЕ ФАМ ВАН ДОНГТЫҢ ӘНГІМЕЛЕСУІ

ЖЕНЕВА, 20 июль. (СОТА). Бүгін совет делегациясының үйінде Женева кеңесіндегі совет делегациясының басшысы В. М. Молотов, Женева кеңесіндегі Р. делегациясының басшысы Чжоу Энь-лай және Женева кеңесіндегі ВДР делегациясының басшысы Фам Ван Донг ұзақ әңгімелесті.

Әңгімелесу кезінде делегациялардың шырлары Женева кеңесінде қорытынды етіне қатысы бар бірқатар мәселелер қаралды. Әңгімеге ССРО, ҚХР және Р. делегацияларының мүшелері, сонымен қатар, кеңесшілер мен сарапшылар қатысты.

М. МОЛОТОВТЫҢ, ФАМ ВАН ДОНГ-НЫҢ, П. МЕНДЕС-ФРАНСТЫҢ ЖӘНЕ ИДЕННІҢ КЕЗДЕСУІ

ЖЕНЕВА, 20 июль. (СОТА). Бүгін француз делегациясының үйінде ССРО РТҚ Істер Министрі В. М. Молотов, етиам Демократиялық Республикасы емсер-министрінің орынбасары Фам Ван Донг, Францияның сыртқы істер министрі П. Мендес-Франс және Великобританияның сыртқы істер министрі Иден кездесті. Әңгімелесу кезінде Женева кеңесіне қатысы бар мәселелер қаралды.

В.М. МОЛОТОВТЫҢ П. МЕНДЕС-ФРАНСПЕН ӘНГІМЕЛЕСУІ

ЖЕНЕВА, 21 июль. (СОТА). Бүгін ССРО Істер Министрінің Председателінің Бірінші Орынбасары және Сыртқы Істер Министрі В.М. Молотов совет делегациясының үйінде Францияның премьер-министрі және сыртқы істер министрі П. Мендес-Франспен ұзақ әңгімелесті.

В.М. МОЛОТОВТЫҢ Б. СМИДТИ ҚАБЫЛДАУЫ

ЖЕНЕВА, 21 июль. (СОТА). Бүгін ССРО Сыртқы Істер Министрі В.М. Молотов АҚШ-тың мемлекеттік секретарының орынбасары У.Б. Смитті қабылдады.

ИДЕННІҢ ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙМЕН ҚОШТАСУ КЕЗДЕСУІ

ПЕКИН, 21 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісі Женевадан былай деп хабарлады:

Бүгін Англияның сыртқы істер министрі Антони Иден, Қытай Халық Респуб-

Женева кеңесінің төңірегінде

ЖЕНЕВА, 19 июль. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Женева кеңесінің өткен бір ай ішіндегі жұмысына және кеңестің кәзіргі жағдайына кешегі мәжілісте совет делегациясы берген бағаның өзі саяси байқаушылар мен жергілікті және шетелдік журналистердің назарын аударуда. Бұл баға бүгін баспасөздегі түсіндірулердің және Баспасөз үйіндегі қызу әңгімелердің басты тақырыбы болып отыр.

Совет делегациясының кешегі мәлімдемесінің негізгі мазмұнын қайталап айта келіп, мұндағы газеттер мәлімдемеді барлық іс кәзірдің өзінде -ақ істеді, қиын мәселелер енді қалған жоқ деп санаудың өзі дұрыс болмаса да дегенмен кеңестің қолы жеткен нәтижелердің объективтік құндылығын мойындамауға болмайды делінген сөздерді ерекше атап көрсетілуде. Көптеген байқаулар мен шолушылар соңғы уақытта делегация мүшелері арасында болған кездесулер мен жеке әңгімелер пайдалы роль атқарды, бұл кездесулер мен әңгімелер әлі де реттелмей қалған мәселелерді шешуге жол ашты және бұдан былай да жол ашатын болады деп сенім білдірген ССРО делегациясының пікіріне қосылуда. «Ле Курьер» газеті «Женевадағы кеңес прогреске жетті» деген ірі загаловокта кеңестегі жағдайға берілген советтік бағаның шын сипатын білдірген. Кеше кешке, деп көрсеткен газет, мәжілістен кейін «шиеленістің бәсеңдеген әсері үстем болды». «Журнал де Женев» газеті де осындай рухта пікір айтқан. Кешегі мәжілістен кейін, деп жазған ол, жалпы көзқарас үмітшіл көзқарас болып табылады.

Келіссөздердің барысына байсалдылықпен, әділетті түрде берілген советтік баға газеттер мен саяси байқаушылардың берген түсініктерінде әсіресе соңғы күндері жағдайды ұшықтыру кеңестің сөзсіз «сәтсіздікке ұшырауы» жайындағы жалған өтіріктермен жұртшылық пірін алдауға тырысқан бейбітшілік жауларының қастандықпен бұрмалаған хабарларына қарсы қойған. Өздерінің ойындағысын шындық деп көрсетуге тырысқан осы «әулиесымқтардың» жанталасқан және зұлымдық насихатына елеулі соққы берілді.

«Молотов, — деп жазған «Газетт де Лозанн» газетінің шолушысы, — кеңестегі жағдай туралы күмән тудырмайтын айдың мәлімдемесі жасады».

Совет делегациясының кешегі мәлімдемесіне зор көңіл қойылуы Женева кеңесінің жақсы нәтижелерге жетуіне оның білдірген сенімнің барлық елдердегі жұртшылықтың қалың топтарының ынтызар мүдделері мен талаптарға қандай дәрежеде сай келіп отырғанын көрсетеді. Жұртшылық топтары Женева кеңесінде кәзірдің өзінде қол жеткен жақсы нәтижелерді бейбітшілік күштерінің жеңісі деп қарауда. Олар, сонымен бірге, әлі де келісілмеген мәселелер болып отырғанын зор факті деп көрсетуге қасақана тырыс-

лық делегацияның күдікті әрекеттеріне назары аударылды. Жексенбі күні Баспасөз үйінде тоғыз делегацияның жабық мәжілісі болуға тиісті сағатта осы делегацияның баспасөз конференциясын тарапындағаны жарияланды. Соңғы минутта баспасөз конференциясы болмайтын болды, бірақ, кейіннен баодайлықтар мәлімдеме таратып, онда олардың 17 июльде француз делегациясына жолдаған нотасында баяндалған талаптарын қолдайтын ниеті бар екені айтылған.

«Газетт де Лозанн» газеті келтірген бұл талаптардың сөздеріне қарағанда, олар баодайлықтардың Вьетнам халқы атынан сөз сөйлеу правосына жұрт күрделік талап қойып отырғанын көрсетеді. Жоғарыда айтылған мәлімдемеді баодайлық делегация жексенбі күні Сайгонда «бұл уақытта дейін болып көрмеген» демонстрацияны ұйымдастырушылардың ойынша, ол баодайлық өкілет орындарының төңірегіне бірітуге және топтасуға «ұмтылған» халықтың еркін білдіруге тиіс болған.

Бірақ, онда шетелдік агенттіктердің хабарларынан мәлім болғанындай, өзін соншалық кең дәріптелген манифестацияға небәрі бірнеше жүз адам қатысқан, бұлардың өзін өкілет орындары қаладан ғана емес, сонымен бірге, провинциядан зорға жыйнап алып, жүк машиналарымен Сайгонға алып келген.

Бұл хабарлар осында баодайлықтардың шамадан тыс дәріптелген талаптары жөнінде көптеген мысқылды ескерткілер тудырды. Егер олардың барлық әрекеттерін олардың шетелдік қожайындары жасатын отырғаны мәлім болмаған күнде, олардың бұл әрекеттеріне тіпті көңіл қойылмаған болар еді. Осыған байланысты мұнда мынадай фактіге назар аударылуда: баодайлықтар өз мәлімдемесін АҚШ өкілі Смиттің мәжілісте сөз сөйлеген кезінде жасаған, ал, Смит кеңесте келіссөздерге қол жетіп, оны АҚШ мақұлдаған күнде, АҚШ бұл келісімдерді бұздан тартып, бұл әрекеттеріне тиісті көңіл қойылмаған бола-ты. Жергілікті байқаушылар Смиттің бұл сөзін мынадай мағынада бағалауда: АҚШ билеуші топтары кеңесте келіссөзден және екі жақтың өзара қабылдауына болатын қарарлардың қабылдануы мүмкін екенін күншілері көріп және Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруге қарсыласатын өз саясатын басшылыққа ала отырып, Оңтүстік- Шығыс Азияда агрессиялық блок топтастыруға бұрынғымынша күш жұмсауда.

Қалай болған күнде де, совет делегациясының кешегі мәлімдемесі тудырған әсермен нығайып, үстем болып отырған пікір мынадай: кейбір мәселелер жөнінде әлі де алауыздықтар бола тұрса да және кеңесті ойдағыдай аяқтау жолындағы қиыншылықтарды жете бағаламау дұрыс болмаса да, дегенмен Индо-Қытай

БАТЫС ГЕРМАНИЯНЫ МИЛИТАРЛАНДЫРУҒА ҚАРСЫ

ОСЛО, 20 июль. (СОТА). «Давладет» газеті Норвегияның белгілі қоғам қайраткері Биргит Шетцтың мақаласын жариялаған, онда атап айтқанда былай делінген:

АҚШ Подсдам келісімінің салтанатты уәдесін бұзды. Бұл келісімде батыс мемлекеттер мен ССРО Германия бұдан былай Еуропаға хауіп төндіруге ешүақытта мүмкіндік ала алмайды деген берік уәде берген болатын: АҚШ, мен ұмытпасам, 1951 жылы Еуропаны қорғау үшін Батыс Германияны қаруландыруды талап етті, батыс еуропалық басқа елдерге Еуропаның тағдыры кәзір Германияны ремилитарландыруға байланысты деп мәлімдеді... Егер еуропалық армияны құру жоспары кейінге ұзақ уақытқа, қалдырылатын болған жағдайда оқылғанын онан әрі дамуын біз айқын көре аламыз. Онда барлық халықтар ынтызар болып отырған шиеленісті бәсеңдету ошпалық құттырмейтіндігі айқын, ал, экономикалық ретсіздік және қаруландыруға аса зор шығын жұмсалуды салдарынан тұрмыс дәрежесінің төмендеуі хауіп кәзір төніп отырған кезде жаншай қарусыздандыру туралы қарар жана күшпен өрге басады».

Қорытындысында автор барлық елдердің үкіметтерін жанталаса қарулану саясатын тоқтатуға және барлық халықтардың армақты ойына сай келетін ынтымақтау саясатына көшуге шақырады.

БЕРЛИН, 20 июль. (СОТА). Кеше Берлиннің демократиялық секторында Батыс Германияны ремилитарландыруға қарсы Бонн үкіметінің антиұлттық саясатына қарсы көп адам қатысқан митинг болды. Митинг болған Марке—Энгельс алаңына Берлиннің барлық секторларынан көп мұн адамдық колонналар келді.

Митингте Герман Демократиялық Республикасының ұлттық майданы ұлттық советінің председателі профессор Эрих Корренте, ГДР Халық палатасы председателінің орынбасарлары Геральд Геттинг және Герман Матерн сөз сөйледі. Олар америка империализмінің батысгерманиялық малайлары жүргізіп отырған, елді жаңа соғысқа қиліктіруге бастап келе жатқан саясатына Батыс Германия халқының наразылығы өсіп келе жатқанын дәлелдейтін көптеген фактілер келтірді.

Хейсті Батыс Германияның президенті етіп қайта сайлау, деп атап көрсетті сөз сөйлегендер, Германияның бөлшектенуін сақтау, еңбекшілердің сыртғын ұлтқа қарсы саясат жүргізу, Батыс Германияны Еуропадағы, агрессиялық блоктарға қосу деген сөз.

ГРД-дің СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗЫЯН ШЕККЕН ХАЛҚЫНА СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КӨМЕГІ.

БЕРЛИН, 19 июль. (СОТА). ССРО-ның Германиядағы жоғарғы комиссарының орынбасары, Уақытша Елшісі Б. П. Мирошниченко 19 июльде Герман Демокра-

Бүкілқазақстандық жетінші спартакиада

ЖАРЫСТЫҢ ТОҒЫЗЫНШЫ КҮНІ

19 июльде Бүкілқазақстандық жетінші спартакиаданың программасына кіретін спорттың соңғы түрінен — ауыр атлетикадан жарыс басталды. Штангашылардың жарысының бірінші күнінде Батыс Қазақстан облысының Приурал аудандық байланыс мекемесінің монтері спортшы Ульянов үлкен табысқа жетті. Ол жеңіл салмақпен жарысқа шығып, республикалық төрт рекордты жаңартты. Ауыр атлетшілердің жарысында Ульянов рекорд жасады.

Міне, семейлік спортшы Островский штангаға қарай келе жатыр. Ол өзбетте штанганы басынан асыра көтерді. Островский Ульяновтың нәтижесін қайталады.

Жеңіс кімдікі? Тәртін бойынша кімнің өзіндік салмағы жеңіл болса, бірінші орын соған берілуге тиіс. Спортшылардың салмағы өлшенді: екі спортшының да салмағы бірдей болып шықты. Штанга көтеруге кім аз күш жұмсады? Бұл шарт таласты шеше алмады. Екі ауыр атлетші де бірдей күш жұмсады. Бірінші орын бірінші болып штанганы көтерген Ульяновға берілді.

Ульянов штанга көтеруден Қазақстанның чемпионы атағын алды. Островский екінші орын алуға мәжбүр болды.

Бұдан кейін алаңға келесі салмақ категориялы штангашылар шықты. Олардың арасындағы жарыс республиканың жартылай жеңіл салмақтыларының күштілерін анықтады. Алматылық Агафуров жеңіп шықты. Екінші орынды қарағандылық спортшы Околов алды.

Боксерлардың жарысы екі күннен бері өтуде. «Динамо» стадионына оны көруге халық көп жыйналууда. Ең жеңіл салмақты боксерлар алматылық М. Омаров пен астаналық облыстың өкілі Чупровтың кездесуі күшті тартыспен өтті. Унай есебімен Омаров жеңді. Бірінші орта салмақты боксерлар Джонсон (Алматы) мен Тычининнің арасындағы (Алматы облысы) шайқас қызықты өтті. Алматылық тәжірибелі спортшы. Бірақ күшті боксер Тычининнің тура дәл соққылары оның бәсекелесін беттетпеді. Судьялар бірауыздан Тычининге жеңіс берді. Либерман (ауыр салмақты) және Хасанов (екінші орта салмақты) бәсекелесерін кездесулеріде қауққа жығып, өз пайдаларына шешті. Екі күнгі жарыстан кейін жеңіл салмақтылар қарағандылық Луконин, Көримов, алматылық Р. Омаров жеңіліссіз келеді.

Баскетбол және волейбол бойынша бірінші финалдық ойындар өткізілді. Алаңда Алматы мен Шығыс Қазақстан облысының волейболшылары. Республика астанасының командасының құрамында бірінші разрядтағы спортшылар ойнайды. Алайда, бұл олардың бәсекелестерінің бетін қайтарар емес. Олар қызу шабуылға

бойымен де, жақсы ойынымен де көрушілерді қызықтыруда. Допты торға дәл түсірумен Бухвалов, астана командасының басқа да ойыншылары көзге түсуде. Оңтүстік қазақстандықтар қорғанмен бірге, бірнеше рет шабуылға да шықты. Бірақ олар алаңнан жеңіліссіз кете алмады. Кездесу 92:21 есебімен алматылықтардың жеңуімен аяқталды.

19 июльде Іле шоссесінде мотоциклшілердің жарысы өткізілді. Программала ойындар үшін 50 километрге және ерлер үшін 100 километрге мотоциклмен жарысу. Бұл аралықты алматылық Комарова жоғары жылдамдықпен жүріп өтті. Ол жақсы уақытта — 39 минут 37 секундта келді. Одан кейін финші Солтүстік қазақстандық спортшы Мамот кесіп өтті.

Ерлер арасында Қарағандының № 3 бис шахтасының бұрғышы-машиншісі Ф. Май ең жақсы нәтижеге жетті. 100 километрлік аралықты ол 59 минутта жүріп өтті. Осы жарыста алматылық Лужников (59 минут 33 секундта) жүріп өтіп, жақсы көрсеткіштерге жетті.

ЖАРЫСТЫҢ ОНЫНШЫ КҮНІ

Бүкілқазақстандық жетінші спартакиаданың программасына енетін жарыс бітуде жақын. Стадионда ядро лақтырушылардың алаңы кәзірдің өзінде босап қалған, су бассейнінде де көрушілердің көңілді дауыстары бұрынғыдай естілмейді, классикалық күрес өтетін жерде де жан көрінбейді, велосипедшілер жарысы да аяқталған. Кәзір бірінші орын алу жарысының орталығы футбол даласына, баскетбол мен волейбол алаңдарына, боксерлер рингісіне ауысқан.

Жарыстың оныншы күнінде футбол бойынша Қазақстанның чемпионы атағын алу үшін шайқасушы алты команданың өте бір қызықты ойыны болып өтті. Батыс Қазақстан облысы мен Алматы спортшылары ойнады. Бұл күнге дейін батысқазақстандықтар бірде-бір ұпайы жоғалтпаған еді, ал, алматылықтар бір кездесуді тең аяқтап, бәсекелесінен бір ұпай кейін қалған болатын.

Ойын өте қызу жағдайда өтіп жатыр. Астана футболшылары батысқазақстандықтардың қақпасына қарай жиі-жиі шабуылдар жасады. Олардың шабуылы барған сайын хауіптірек бола бастады, бір шабуылда алматылықтар допты дәл ұрып, бәсекелестерінің қақпасына өткізді. Батыс Қазақстанның командасы ойында алаңның ортасынан бастады. Үзіліске дейін есеп өзгермеді. Дем алғаннан кейін алматылықтар бәсекелестерінің вратарын қақпадан тағы да бір допты алуға мәжбүр өтті. Жарыс 2:0 есебімен астана футболшыларының жеңуімен аяқталды. Бұл жеңіс Алматы командасын бірінші орынға шығарды.

Рингте бокетан кезекті шайқасулар

икасының сыртқы істер министрі Чжоу Пей-лайда болып, онымен кештаққан.

ФРАНЦИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖЫЙНАЛЫСЫНДА

ПАРИЖ, 21 июль. (СОТА). «Комба» агентінің хабарына қарағанда, Француз ұлттық жыйналысының депутаттарына ұлттық жыйналыстың ұлттық қорғаныс комиссиясының «европалық армия» туралы мәселе жөніндегі баяндамасының текеті таратылып берілген. Бұрын мәлім болғанындай, кәзіргі қорғаныс министрі генерал Бенниг жазған бұл баяндамада Париж договорын қабылдамаудың қажеттігі туралы пікір айтылған.

қан өртүрлі аяқ киімдер мен киімдер жөнінде қырағылық және сақтық көрсетуде. Атап айтқанда, кеше баодай-

ВЬЕТНАМДАҒЫ АУРУ ЖӘНЕ ЖАРАЛЫ ШАНХАЙ, 19 июль. (СОТА).

Вьетнам информация агенттігі былай деп хабарлады: Тунг-Жиадағы соғыс кеңсінде қол жеткен желісімді жүзеге асыра отырып Вьетнам Халық армиясы мен Индо-Кытайдағы француз одағының қарулы күштері жоғарғы командованиелерінің өкілдері 15 және 16 июльде Вьет-Три каласында ауру және жаралы соғыс тұтқындарын алысын берісті. Вьетнам Халық армиясы жоғарғы ко-

СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫН АЛЫСЫП-БЕРІСУ

мандованиесінің өкілдері француз жағына 99 жаралы және ауру соғыс тұтқындарын солардың ішінде 18 французды, 48 мароккалықты, 10 алжирлік, тунисікті және сенегальдықты; 13 шведті, немісті, австриялықты, испанды, қолжаулық армияның 10 солдатын берді. Француз одағы қарулы күштерінің өкілдері Вьетнам жағына 100 соғыс тұтқындарын, соның ішінде 74 жаралылар мен 26 ауруларды берді, бұлардың ішінде бірнеше жай адамдар, партизандар бар.

нистрі О. Гротевольге барып жолығып, Герман Демократиялық Республикасына стихиялық апатқа душар болуына — республиканың Оңтүстік бөлегінде су тасқыны болуына байланысты Совет үкметінің атынан оған көңіл айтты. Б. П. Мирошниченко премьер-министр О. Гротевольге ССРО-ның ГДР-дағы Елшілігі зиян ішеккен аудандардың көмек көрсету қорына 200 мың марка бергендігін хабарлады. О. Гротеволь ГДР үкметінің атына тілектестік білдіргені үшін Совет Үкметіне алғыс айтты, сондай-ақ су тасқынынан зиян шеккен халыққа ақшадай көмек көрсеткені үшін ССРО-ның ГДР-дағы Елшілігіне де алғыс айтты.

«МОНД» ГАЗЕТИ ФРАНЦИЯНЫҢ ИНДО-ҚЫТАЙДАҒЫ СОҒЫСТА ШЕККЕН ЗЫЯНЫ ТУРАЛЫ

ПАРИЖ, 21 июль. (СОТА). Буржуазиялық «Монд» газеті бүгін француздық Индо-Қытайдағы отаршылдық соғыста шеккен зияны туралы ресми мәлімет жариялаған. 1945 жылдың ақырынан 1954 жылдың 1 июліне дейін француздық экваториалдық қорғанысның мынадай шығындары болған: 92 мың адам өлген және хабар опарсыз жеткен. 114 мың адам жараланған, бұған Индо-Қытайдан қайтарылғандар қосылмайды және 28 мың адам тұтқынға түскен.

Сонымен қатар, соғыс жалпы мөлшері 3 мың миллиард франктен астам шығындар жұмсауды қажет еткен, оның 2385 миллиард франкі Француздың бюджетіне жатады, ал қалғаны американ «кемегі» және Индо-Қытайға «қосылған мемлекеттердің» бюджетіне кіреді. Баспасөздердің пікіріне қарағанда, Францияның адам және материалдық шығындары ресми мәліметтегіден әлде қайда көп.

кездесуі команданың бірде-біріне жеңіс берген жоқ. Есеп 2:2 болып тепе-тең аяқталды. Шешуші бесінші кезек бае-талды. Ойын басталғаннан-ақ алматылықтардың пайдасына шешілмеді. 6:4 есебімен Шығыс Қазақстан облысының волейболшылары ойынды бастауда. Бұдан соң алматылықтар үсті-үстіне ұпай алудан болды. Есеп теңелді. Ойында бұры-лығы кезек басталды. Есеп 7:6, 9:6, 14:6 болды. Ақырында Алматы командасы бұл кездесуде жеңіп шықты.

Шарын үзілістен кейін алаңға Қарағанды мен Солтүстік Қазақстан облысының спортшылары шықты. Бірінші кезекте бұл финалдық ойынға қатысушылардан сәл басымдылықпен қарағандылықтар жеңді. Келесі кезекте солтүстіктер бел-сеніе ойнады. Алайда, Қарағанды коман-дасы жақсы ойнап, үшінші, одан кейін төртінші кезектерде жеңіске ие болды. Жалпы нәтиже 3:1 болып, Қарағанды об-лысының волейболшылары жеңіп шық-ты.

Жамбыл және Алматы облыстарының командалары арасындағы ойын күшті тартыспен өтті. Жарыстың аяқталуына екі минут қалғанға дейін кімнің жеңеті-нін білу қиын болғанын айта кету кер-ек. Есеп 32:32 болып, тең, тұрды. Судьяның ойынның бітуін хабарлауына бірнеше секунд қалғанда ғана астаналық облыстың баскетболшылары артық ұпай алып, кездесуді өз пайдасына шешті. Жалпы есеп 34:32 болды.

Жауын баскетболшыларға бөгет жасай алмады. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан көптеген қарушылар Алматы мен Оңтүстік Қазақстан облысының бас-кетболшыларының ойынына қызыға қа-раумен болды. Алматы командасының құ-рамында ССРО-ның жыйнақ командасы-мен бірге баскетбол бойынша халықара-лық жарысқа қатысқан спортшы Ахтаев бар. Бұл спортшы өзінің ерекше сұңғақ

болып өтті. Солтүстік-қазақстандық Не-чуйветер талдықорғандық боксер Чирков-ты жеңіп, (жартылай жеңіл салмақ) өзі-нің коллективін жаңа жеңісімен қуантты.

Жеңіл салмақты штангашылардың жа-рысы басталды. Осы салмақ категориясы бойынша Қазақстанның чемпионы атағын алуға бәсекелестер спорт мастери Радут-ный (Алматы) және солтүстікқазақстан-дық Новиков болды. Кездесуде Радутный жеңіп, республика чемпионы атағына ие болды. Новиков екінші орын алды. Үшін-ші орынға ақтөбелік штангашы Панкрат-ов ие болды.

Финалдық жарыстың екі күнінен кейін ерлер және әйелдер баскетбол командаларының турнир таблицасындағы көрсеткіштері мынадай: әйелдер командалары ішінде мүм-кін болған төрт ойыннан төрт ұпай ал-ған Алматы мен Алматы облысының әйелдер командалары бірінші орын алу жағдайында. Қарағанды және Оңтүстік Қазақстанның әйелдер командасының да екі-екіден ұпайлары бар. Бұл екі ко-манда да бір-бірден ұтып, бір реттен жеңіліп қалды. Семей, Батыс Қазақстан облыстарының әйелдер баскетбол коман-далары финалдық ойындарда әзірше бір-де-бір ұпай алған жоқ. Ерлер баскетбол командаларының ішінде Қазақстан аста-насының және Алматы облысының спортшылары алда келеді. Әзірше үшін-ші және төртінші орындарды бөліп алған Оңтүстік Қазақстан және Қарағанды об-лыстарының баскетболшыларының та-блицасына екі-екіден ұпай жазылды. Жамбыл және Қызылорда облыстарының командалары екі рет ойын өткізді, бірақ, олардың бірде-бірі де жеңіске жете алған жоқ.

(ҚазТАГ).

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

ХАЛЫҚТЫҚ ПОЛЬШАНЫҢ 10 ЖЫЛДЫҒЫ

(Соңы. Басы 3-бетте).

Жері аз және орташа шаруаларға мем-лекет тарапынан несиелер, материалдар беріп көмектесу, сонымен қатар агротех-никалық көмек көрсету ауылшаруашы-лық өндірісін өркендетудің басқа бір елеулі факторы болды. Бұған ауыл шар-уашылығын материалдық тыяйтқыштар-мен жабдықтаудың 1938 жылғы 125.100 тоннадан 1953 жылғы 470.300 тоннаға дейін артқандығының өзі де мысал бола алады. Ауылшаруашылық машиналарын жасау 1953 жылы 1938 жылғыдан төрт еседен аса артты. 1953 жылы мемлекет ауыл шаруашылығына (15 аттың кү-шімен есептегенде) 46 мыңнан аса тракт-ор берді. Ал соғысқа дейінгі жылдарда поляк ауыл шаруашылығы бұл машина-ны тіпті білмеген болатын.

Польшаның жұмысшы партиясы қата-рында болған оншыл-ұлтшылдық үклен-ды -гомүлқашыларды талқандағаннан кейін ауылшаруашылық өндірісін сая жағынан өсуіне ауыл шаруашылығында-ғы социалистік өндірістік қатынастардың дамуы әсерін тигізді. Кәзіргі уақытқа дейін поляк деревнясында 8.900-ден аса егіншілік өндірістік кооперативтер құры-лып, бұлар 400-ден аса мемлекеттік машина -трактор станцияларына сүйеніп отыр. Өндірістік кооперативтердің жер көлемі елдегі бүкіл шаруалар жерінің 9,6 процентінен сәл артық. Кооперативтер мемлекеттік шаруашылықтармен бірге ел-дегі бүкіл ауылшаруашылық өнімдерінің 21,2 процентін беруде.

Сонымен, халықтық Польша он жыл-дың ішінде ауылшаруашылық өндірісінде де сөзсіз табыстарға жетті. Бірақ, бұл табыстарды жеткілікті деуге болмайды. Польшаның біріккен жұмысшы партиясы-ның осы жылғы мартта болған II съезі жері аз шаруалар мен орташалардың жеке шаруашылықтарының да, сондай-ақ қоғамдастырылған сектордағы шаруашы-лықтардың да инициативасын ынталан-дыратын бірқатар шаралар қолдану арқы-лы ауылшаруашылық өндірісін едәуір арттыру міндетін алға қойды. Бұл міндет-ті орындау өнеркәсіп пен ауыл шар-уашылығын өркендетудегі алшақтықты жоюға көмектесіп, социалистік құрылыс-тың жоспарлы, пропорциялы даму заңына

сәйкес онан әрі өркендетуін толық қам-тамасыз етуге тиіс.

Халықтық Польшада өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өндірісін өркендету негізінде ұлттық табыс арттырылып, қа-ла мен деревня еңбекшілерінің материал-дық жағдайы жақсартылып келді. Жалпы ұлттық табыс 1949 жылмен салыстыр-ғанда 1953 жылы 61 процент артты. Ұлттық табыстың осындай мөлшерде ар-туы мемлекеттің елді индустриаландыру-ға, оның қорғаныс қабілетін арттыруға, халықтың тұрмысын жақсартып, мәдени дәрежесін арттыруға байланысты күрделі жұмыстарға едәуір қаржы бөлуіне мүм-кіндік берді. Егер 1949—1950 жыл-дарға жұмсалған күрделі қаржының сомасын ғана мысалға алып, оны салыстырмалы баға бойынша соғысқа дейінгі дәуірмен салыстыратын болсақ, онда бұл қаржының буржуазиялық-поме-щиктік Польшаның жылдық ұлттық та-бысының сомасынан екі есе асып түсеті-нін көреміз.

Күрделі қаржы жұмсау саласында күшке түскен едәуір қиыншылықтарға қарамастан, халықтық Польшада өндірістің қол жеткен мөлшері қала мен деревня еңбекшілерінің материалдық жағдайын жақсартуға мүмкіндік берді. 1953 жылы ауыл шаруашылығынан тыс жұмыс іс-тейтін әрбір адамның нақты табысы 1938 жылмен салыстырғанда 36—42 процент артты, ал шаруалардың нақты табысы шамамен 75 процент артты. 1953 жылғы ноябрьде және 1954 жыл-ғы майда бағаның екі дүркін кемітілуі қала мен деревня еңбекшілеріне жылына 10 миллиард злотыйдан асатын тікелей пайда келтіріп отыр.

Оқу, ғылым, денсаулық сақтау ісін өркендету, ана мен балаға қамқорлық жасау еңбекшілер бұқарасының мәдени дәрежесін арттырудың маңызды әлементі болып табылады. Бұл салада халықтық Польша он жылдың ішінде зор табыстар-ға жетті. Помещиктік-капиталистік құ-рылыстың қайғылы мұрасы — сауатсыз-дық толығымен жойылды. Мектеп жасын-дағы барлық балалар мектепке тартыл-ды. Жетіжылдық мектептердегі оқушы-лардың саны 1953 жылы барлық оқушы-лардың 87,3 процентіне жетті. Жаңадақ 700-ге жуық мектеп үйлері салынды.

Мамандық үйрететін орта мектептерде 1953 жылы 290 мың адам оқыды.

Жоғары білім саласында да елеулі та-быстарға қол жетті. Жоғары оқу орында-рының саны 1938 жылғы 27-ден 1953 жылғы 85-ке жетті. Жоғары оқу орындары студенттерінің жалпы саны, сырт-тан оқушыларды қосқанда, соғысқа де-йінгі 48 мыңның орнына кәзіргі уақытта 135 мыңнан асып отыр. Курстарда ма-мандық үйрету ісін қосқанда, 1953 жыл-ы 4.800 мыңға жуық адам оқудың әр-түрлі формасымен қамтылды.

1938 жылы 75 мыңға жетпеген ауру-ханалардағы төсектер саны кәзіргі уа-қытта 130 мыңнан асып отыр. Әзірше, жеткіліксіз бола тұрса да, қала мен де-ревняның халқына медициналық жағын-ан қызмет ету ісі жақсарды. Әрбір 10.000 тұрғын халыққа келетін дәрігер-лердің саны 1938 жылғы 3,7 адамнан 1953 жылы 5,4 адамға дейін көбейді.

Мәдениетті тарату саласында елеулі алға басқандық бар. Кітаптардың жыл-дық тиражы 1938 жылғы 29 миллион-нан 1953 жылы 90 миллион томға жет-ті. Газеттердің күнсайынғы тиражы орта есеппен 4,9 миллион данаға жетіп отыр. Селолардың жартысынан астамында кі-тапханалар бар. Соғысқа дейін мүлде болмаған тұрақты жұмыс істейтін село-лық кинотеатрлардың саны кәзіргі уа-қытта 1.225-ке жетіп отыр.

Халықтық Польшаның өмір сүруінің алғашқы он жылында жеткен табыстары шаруашылықтың социалистік формалары-ның капиталистік формалардан басым екен-дігін дауыс дәлелдейді. Совет Одағы дүние жүзіне тұңғыш рет айқын көрсетіп бер-ген бұл шындықты кәзіргі уақытта оның ізімен келе жатқан халықтық демократия елдері, соның ішінде Польша да айқын дәлелден отыр. Халықтық Польшаның еңбекшілері өзінің бейбіт социалистік құ-рылысын өндірістің социалистік формалары қала мен деревняда қашан толық сал-танат құрғанға дейін бұдан былай да өр-кендетіп, нығайта береді, Совет Одағы-ның және халықтық демократия елдерінің халықтарымен достық байланыстарын да-мытып, нығайта береді, өз революциясы-ның жеңістерін империализмнің қандай-ла болса қол сұлу әрекеттерінен қасиеттеп қорғайты.

ПЕТРОПАВЛДЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ УЧИЛИЩЕСІ
1954—1955 оқу жылына оқу мерзімі қысқартылған (2 жыл)
фармацевтикалық, фельдшерлік және акушерлік бөлімдерге оқушылар алады

Оқуға 17 жастан 30 жасқа дейінгі, орта білімі бар (10 класс келе-мінде) ер және әйел азаматтар қабылданады.
Оқуға түсушілерден мына пәндерден: орыс тілі мен әдебиеттен (жаз-баша—шығарма жазу және ауызша), ССРО тарихынан (ауызша) емтихан алынады.

Қабылдау емтиханын 4 пен 5-ке тапсырғандар стипендиямен қамта-масыз етіледі. Басқа жақтан келген оқушыларға айына 30 сом мөлше-рінде пәтер ақы төленеді.

Оқуға түсемін деушілер училище директорының атына арыз жазып, мына документтерін: көмелеттік аттестатын (түп нұсқасы), туған жылы ту-ралы куәлігінің нотариус растаған көшірмесін, өмірбаянын, денсаулығы туралы дәрігерден алған анықтамасы мен тұрған жерінен алған анықта-масын, бас киімсіз түскен (3 x 4 см) 3 фотосуретін қоса жіберулері және тұрған жерінің адресін толық көрсетулері керек. Паспортын, әскери мін-деттілер — әскери билетін, әскерге шақырылу жасындағылар — тіркелу куәлігін өздері келгенде ала келеді:

Арыздар осы жылғы 25 августқа дейін қабылданады.
Қабылдау емтиханы осы жылғы августтың 10-нан 30-на дейін жүр-гізіледі.

Оқу 1 сентябрьде басталады.
АДРЕС: Петропавл қаласы, Пролетар көшесі, 4-үй. Петропавлдық медициналық училищесі. Телефон 5—57, екі звонок. **ДИРЕКЦИЯ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«МҰНЫ ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ»
Сағат 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӨМЕЛЕТТІК АТТЕСТАТ»
Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Петропавлдағы жерге орналас-тыру жөніндегі облысаралық ме-кемеге шофер КЕРЕК.
АДРЕС: Совет көшесі, 122-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.